

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ӘКІМ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
Ерболат ДОСАЕВ
Алмалы ауданының тұрғындарымен кездеседі. Жүздесу 9 наурыз күні сағат 9.00-де Мұратбаев көшесі, 200 (Құрманғазы көшесінің қиылысында) мекенжайда орналасқан Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық және әлем тілдері университетінде өтеді. Кездесуді онлайн-режимінде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасында және Алмалы әкімдігінің Facebook парақшасында көруге болады.

ӘЛЕУМЕТ



АНА МЕН БАЛА – МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫғыНДА

6

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ Демалысыңыз сәтті өтсін!

16

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.03.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

8.03.2023

Түнде:



+5+7 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.

Күндіз:



+18+20 °C

Бұлтты, кей уақытта
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 15-20 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №32-33 (6326) 7 наурыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCx23M2x1CHx6Br1JgqyqeA](https://www.youtube.com/channel/UCx23M2x1CHx6Br1JgqyqeA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

ПРЕЗИДЕНТ

СЕНАТ ЖҰМЫСЫ САРАЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлаған-дай, Президентке жоғарғы палатаның заң шығару қызметі туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Сенатта жұмыс тобы құрылған. Бұл топ 60-тан астам отырыс өткізіп, 350-ге

жуық ұсыныс жинаған. Аталған жұмыстың нәтижесінде екі заң жобасы әзірленді. Мәулен Әшімбаевтың мәліметі бойынша қазіргі уақытта Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген маңызды заң жобалары қаралып жатыр.

2

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Әйел, ана тақырыбы таусылмайтын тақырып. Өйткені, әйел – қоғам айнасы, отбасының ұйытқысы, ең бастысы «АНА» деген асыл сөздің иесі. Ал ана атанудың бастауы қыз тәрбиесімен тікелей байланысты. Халқымыз «Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» дейді.

8-9

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Заманауи зерттеулер институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаровты қабылдады.
- Мемлекет басшысы Ресей Президентімен телефон арқылы сөйлесті.
- Президент Жоғары аудиторлық палата төрағасын қабылдады.
- Башар Әл-Асад Сирия халқына Қазақстанның көрсеткен гуманитарлық көмегі үшін алғыс айтты.
- Бүгінгі Үкімет отырысы білім саласындағы қауіпсіздікке және оқу процесін цифрландыруға арналады.
- Үкіметте гендерлік теңдікті сақтау, әйелдерді жұмыспен қамту және олардың денсаулығы мәселелері де қаралады.
- Қазақстанда міндетті бейнебақылау ережесі бекітілді.
- Нью-Йорктің Times Square алаңында Иманбектің суреті жарияланды.
- Енді қоғамдық орында балағат сөз айтқандар 69 мың теңге айыппұл төлейді.
- Қазақстан боксшысы Шавкат Рахмонов UFC-дің абсолютті рекордшысы атанды.
- ПМ: Заң бұзған 674 шетелдік азамат елден шығарылды.
- Алматы тауларында қар көшкіні жүруі мүмкін.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

НӨМІРДІҢ
НАҚЫЛЫ:

«Әйел бір қолымен бесікті тербетсе,
бір қолымен әлемді тербетеді»



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палата төрағасы Наталья Годунованы қабылдады.

Кездесу барысында Президентке Жоғары аудиторлық палатаның бытыр атқарған жұмыстары жөнінде есеп берілді. 2022 жылы барлығы 5 триллион теңге көлеміндегі бюджет қаржысы бойынша 124 нысанда 20 аудиторлық тексеріс жүргізілген. Наталья Годунова Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары аудит органының осы жылға жоспарлаған аудиторлық және сараптамалық-талдау шаралары туралы мәлімет берді. Атап айтқанда, жылу энергетика кешенінде, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Экология және табиғи ресурстар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінде және басқа да мекемелерде аудит жүргізу көзделіп отыр. Кездесу соңында Президент Жоғары аудиторлық палатаны одан әрі трансформациялау және мемлекеттік аудит жүйесін дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

■ ПАРЛАМЕНТ

ҚР Парламенті Сенатында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметін қабылдау» тақырыбы бойынша әлеуметтік зерттеу қорытындысының таныстырылымы болды.

«Стратегия» әлеуметтік саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қоры халық пен сарапшылардың сауалнамасы қамтылған әлеуметтану саласындағы зерттеу жүргізген болатын. Зерттеудің негізгі нәтижелерін қор президенті Гүлмира Илеуова депутаттарға жария етті. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жалпы қазақстандықтар елімізде болып жатқан өзгерістерді оң бағалап отыр. Әлеуметтану сауалнамасына қатысушылардың басым көпшілігі Қазақстанда жүргізіліп жатқан жан-жақты реформаларды көздейтін саяси бағытқа сенім білдірген болатын. Әлеуметтанушылар сондай-ақ, өткен жылдың қорытындысы бойынша Сенат қызметіне деген қоғамдық сенімнің арта түскенін атап өтті. Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың үштен екісі өздерінің өмір сүру деңгейіне ризашылығын жеткізген.

■ ҮКІМЕТ

Қазақстан мен Өзбекстан «Орталық Азия» Халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы (ХӨКО) құрылысының орнын анықтады. Қазақстан мен Өзбекстан Премьер-Министрлерінің орынбасарлары Серік Жұманғарин мен Жамшид Ходжаев тиісті хаттамаға қол қойды.

Халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының орналасқан жері «Атамекен» (ҚР) – «Гүлістан» (ӨР) халықаралық (көпжақты) өткізу пункттері аумағында айқындалған. Енді тараптар әрқайсысы 50 га көлемінде ХӨКО салу үшін жер телімдерін бөлу және резервке қою мәселелерін пысықтайтын болады. Сондай-ақ, ХӨКО аумағында орналастыру үшін 2023 жылғы 15 наурызға дейінгі мерзімде әлеуетті жобалардың тізбелерімен алмасу уағдаластығы хаттамамен бекітілді. Қазақстандық және өзбекстандық сауда ведомстволары жобаның кураторлары ретінде бір ай мерзімде ХӨКО аумағында өндірілген тауарлар мен жүктерді тасымалдау үшін «жасыл» дәліздің қолданылуын кеңейту мәселелерін келісуге, сондай-ақ ХӨКО аумағында қолданылатын жеңілдіктер мен преференцияларды тепе-тең негізде айқындауға келісті.

■ СҰЛТАН БЕЙБАРЫС – 800

Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің төрағалығымен Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойын тойлау жөніндегі жұмыс тобының бірінші отырысы өтті.

Кеңеске мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Парламент Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұр-төре Жүсіп, Ғылым және жоғары білім, ақпарат және қоғамдық даму, Оқу-ағарту, Сыртқы істер вице-министрлері және Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстар әкімдерінің орынбасарлары, ЖОО ректорлары, тарихшы-ғалымдар, Жазушылар одағы, шығармашылық зиялы қауым өкілдері және т.б. қатысты.

Отырыста Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойын атап өту жөніндегі іс-шаралар жоспары талқыланып, бірауыздан бекітілді. Мерейтой аясында 500-ден астам іс-шара өткізу жоспарлануда, олардың 50-ге жуығы халықаралық және ұлттық деңгейде өтеді. Бұл іс-шаралар ұлы батырдың мұрасын мәдени-танымдық және ағартушылық бағыттарда насихаттауды көздейді.

■ БАҒА

Премьер-Министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселелері бойынша жедел кеңес өтті.

«Әкімдіктерге қорды қоймаларда ұстамай, көкөністерді сататын сауда нысандарының санын көбейте отырып, оларды үлкен көлемде нарыққа шығаруды тапсырамын», – деді Серік Жұманғарин әкімдіктердің басшыларына. Кеңес барысында Сауда және интеграция министрлігі сауда комитеті төрағасының міндетін атқарушы Айдар Әбілдабеков айтқандай, бүгінде өңірлердің деректері бойынша айналымға 56,2 мың тонна көкөніс жіберілді. Бүгінде 18,4 мың тонна көкөніс, оның ішінде пияз – 4,9 мың тонна, қырыққабат – 2,8 мың тонна, картоп – 7,0 мың тонна, сәбіз – 3,6 мың тонна сатылды. Өткен аптада сәбіз бағасы – 0,6%-ға, қарақұмық – 0,5%-ға, қант – 0,3%-ға, құнбағыс майы және тауық еті – 0,2%-ға төмендеді.

■ ИНВЕСТИЦИЯ

Қазақстан мен Өзбекстан тараптары ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы желтоқсандағы Өзбекстанға сапары аясында қол қойылған Инвестициялық келісімдер мен сауда келісім-шарттарын іске асыру жөніндегі Жол картасын өзектендірді.

Өзектендірілген Жол картасы қазақстандық астықты 1 млн тоннаға дейін терең өңдеу бойынша кластер құруды және «Орталық Азия» ХШБЮ аумағында өсімдік майын тазарту жөніндегі жобаны іске асыруды көздейді. Сонымен қатар, инвестициялық пул Шымкент қаласы мен Түркістан облысының аумағында тоқыма өнеркәсібін дамытуға серпін беретін үш жобамен толықтырылды. Атап айтқанда, Шымкентте қуаттылығы жылына 18 000 тонна болатын мақта-талшықты тоқыма фабрикаларын іске қосу, жылдық қуаты 5500 тонна мақта-талшықты тоқыма кешенін және 2026 жылға дейін Түркістан облысында кезең-кезеңімен іске қосылатын тоқыма кластерін ұйымдастыру үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы жобаларға көңіл бөлініп отыр.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz;

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

■ ПРЕЗИДЕНТ

СЕНАТ ЖҰМЫСЫ САРАЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады

(Басы 1-бетте)

Сенаттың Парламенттегі қызметі басталғаннан бері 21 заң мақұлданып, қабылданған. Оның ішінде еңбек дауларын шешу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, цифрлық активтер, сондай-ақ Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар қаралған.

Алдағы кезеңде Сенатта 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылауды, Әлеуметтік кодексті, сондай-ақ әкімшілік реформа, адам құқықтары және азаптаулардың алдын алу, мемлекеттік қызмет мәселе-



леріне қатысты заң жобаларын қарастыру жоспарланып отыр.

Президентке палатаның сот жүйесін реформалау және процессуалды заңнаманы жетілдіру

жұмыстары туралы ақпарат берілді.

Мемлекет басшысына Сенат жұмысындағы өңірлік күн тәртібін нығайтуға, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің идеяларын ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыда кешенді дамыту жөніндегі реформаларды одан әрі қолдауға бағытталған заңнама-лық қызметті жалғастыру қажет екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ БАЙҚАУ

ӘЙЕЛ – АНА, ӘЙЕЛ – КӘСІПКЕР

Алматыда іскер әйелдер арасында үздік әлеуметтік жобалар анықталды

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында әйелдер мен әйелдердің қоғамдық ұйымдары арасында өткізілген республикалық байқаудың қалалық кезеңі аясында жеңімпаздардың есімдері белгілі болды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің сайтында Алматы қаласы әкімі аппаратының әлеуметтік даму бөлімінің бас инспекторы Гүлнар Әмірова айтты.



Досбол
АТАЖАН

«Күні кеше 9 аталым бойынша үздік әлеуметтік жобаларды анықтауға бағытталған байқау аяқталды. Оған негізінен жас әрі креативті әйелдер қатысты. Жобалар өте мықты, оларды жүзеге асыру түрлі салаларды әйелдер мен балалардың ойларын жүзеге асыруға көмектеседі», – деп Г.Әмірова өз ойын ортаға салды.

Республикалық жоба әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырып жүрген әйелдер арасында жүргізілді. Алматы қаласы бойынша келесі бастамашылық жобалар анықталды:

- «**Үздік IT-жоба**» аталымы бойынша 20 ұпайды **Анель Шәкенова** – «**FINAGERS** балалар мен жасөспірімдерге арналған білім беру алаңы»;
- «**Креативтік индустрия саласындағы үздік жоба**» номинациясы бойынша «**DeFacto FM**» инклюзивті интернет-радиосының ақпараттық порталы» **Гүлвира Таубалдинова**;
- «**Жаңа медиа (БАҚ, әлеуметтік желілер) саласындағы үздік жоба**» аталымында «**FinTech уақыты**» – **Әсем Нұрғалиева** – 20 ұпай;



- «**Әйелдер мен балалардың құқығын қорғау саласындағы үздік жоба**» аталымы бойынша «**Бақытты отбасы**» орталығындағы «**Іскер ана**» жобасы **Әсия Абитаева** – 20 ұпай.

«Инклюзивті даму саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша – 2 (екі жоба):

Патологиясы және дамуында кешеуілдеуі бар балаларды инклюзивті бағдарламаларды жүзеге асыруға дайындау. Жобаларды жүзеге асыру арқылы ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзия процесіне дайындау: «Ерте араласу. Мектепке дейінгі инклюзия. 3 жастан 7 жасқа дейінгі психикалық дамуы тежелген балаларға арналған деңгейлік топтар», Майра Сүлеева – 20 ұпай;

«Ғылым және инновация саласындағы үздік жоба» аталымы бойынша «**№1 Қаржылық сауаттылық мектебінің**» «**Әйел және ақша**» жобасы, Ақжүніс Брасилова – 20 ұпай;

«**Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы белсенді құқық қорғаушы**» аталымы бойынша «**Human rights= women rights!** қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету» жобасы, Ләззат Ракишева – 20 ұпай;

«**Үздік әйел – кәсіпорын басшысы**» аталымы бойынша Шолпан Әбдіхалықова – 20 ұпай;

«**Әйелдердің құқықтарын қорғау саласындағы үздік ҰЕҰ**»

аталымы бойынша «**Алматы қаласындағы жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын және репродуктивті құқығын қорғау**» жобасы, **Гайһар Көшкімбаева** – 20 ұпай.

Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қаладағы «**Бақытты отбасы**» орталықтарында көпбалалы әйелдердің кәсіпкерлік әлеуетін жүзеге асыруға көмектесуге бағытталған «**ISKER ANA**» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын еске салды. Сондай-ақ, бағдарламаға қатысушыларға құқықтық және консультативтік көмек көрсетілетінін жеткізді.

«Өткен жылы көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды жұмыспен қамту және жеке кәсібін дамыту мақсатында де-меушілер арқылы Әуезов ауданында қолөнер бұйымдары мен азық-түлік өнімдерін сататын 4 сауда нүктесі ашылды», – деді басқарма басшысының орынбасары Қалибек Ақылбеков.

Осылайша бағдарлама аясында 2613-тен астам адам тұлғалық өсу, көшбасшылық, бизнес және психология бойынша базалық тренингтерді, 2810 адам көпбалалы отбасыларға арналған оқыту курстарын аяқтады.

Сонымен қатар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының базасында Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы мен Іскер әйелдер кеңесі құрылып, тілек білдірушілер сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіпкерлік негіздерін меңгере алатын болады.



«АЛМАТЫБАСЖОСПАР»

КӨП СӨЗДЕН – НАҚТЫ ІСКЕ!

«Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты осы уақытқа дейін жүргізілген урбанистік зерттеудің аралық нәтижелерімен, яғни әлі аяқталмаған сауалнаманың алдын ала нәтижелерімен бөлісті. Оған 13 318 адам қатысты.

«Алматыбасжоспар» ҒЗИ зерттеу нәтижесінде сауалнамаға қатысушылардың шамамен 26%-ы жұмыс күндері жолға бір сағаттан көп уақыт жұмсайтыны және бұл көптеген тұрғындар үшін маңызды мәселе екені анықталды. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (44%) қалада негізгі көлік құралы ретінде қоғамдық көлікті пайдаланады. Бірақ олардың көпшілігі (6000 адам) қоғамдық көлікті қозғалыстың ыңғайлы және қолайлы тәсілі деп санамайды. Өз ойларын ортаға салған алматылықтар қалада сквер, саябақ пен жасыл алаңдар, сондай-ақ балаларды дамыту орталықтары жетіспейді деп санайды.

«Біз қаланың барлық тұрғындарын зерттеуге қатысуға және Алматыда өмір сүру сапасы мен жайлылығын жақсартуға



көмектесу үшін «Қала тұрғыны» сауалнамасына қатысып, өз пікірлерімен бөлісуге шақырамыз. Сауалнаманы толтыру 10–15 минуттан аспайды және қалада нені өзгерту керектігі туралы өз пікіріңізді білдіруге мүмкіндік береді. Сауалнамаға сілтеме:

shorturl.at/mCOQR», – деп хабарлады Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының баспасөз қызметі.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алматыда сот шешімі бойынша Төле би мен Б.Момышұлы көшелерінің қиылысында мемлекеттік қордың жерлерінде орналасқан бірқатар сауда нүктелері мен кафелер сүріледі. Бұл учаскені кәсіпкер жалға алу құқығында үш жыл мерзімге иеленген.



СОТ ШЕШІМІ:

Заңсыз салынған сауда нүктелері мен жазғы кафелер сүріледі



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін кәсіпкер жер телімін мемлекеттік қорға қайтаруы керек еді, бірақ ол мұны өз еркімен жасаудан бас тартты. Сондықтан Алматы қаласының Қала құрылысын бақылау басқармасы сотқа тиісті талап арызбен жүгінді.

Нәтижесінде 2021 жылғы 15 қыркүйекте мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот өз бетінше салынған нысандарды сүріп, учаскені жалпы пайдалануға қайтару туралы шешім қабылдады. Бұл шешімге апелляциялық сотта үшінші тарап наразылық білдірді. Осы талап арыз 2021 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қалалық сотының қарауынсыз қалдырылды және бірінші сатыдағы соттың шешімі ұзақ сот талқылауларынан кейін заңды күшіне енді.

Қазір Алматы қаласы Әділет департаменті сот орындаушыларының нысандарды бұзу күнін белгілеуін күтіп отыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚАРЫЗЫҢ БОЛСА – ЖОЛ ЖОҚ!

ақылы жолдармен жүру және төлем жасау тәртібі өзгереді

«Жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолымен жүріп өту үшін ақы алу қағидаларын бекіту туралы» Индустрия министрінің бұйрығына өзгерістер енгізіледі.



Бұйрыққа сай енді жүргізушілер жол ақысын мына тәсілдермен төлейді:

- төлем жүйелері сервистерінің көмегімен алдын ала төлеу;
- мүмкіндік болған уақытта қолма-қол төлеу;
- ақылы учаскеден шыққаннан кейін күнтізбелік 7 күн ішінде кейінгі төлем.

«Пайдаланушы жол ақысын күнтізбелік 7 күн ішінде төлемеген жағдайда, жеке тұлғаларға 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде (17 250 теңге) және ұйымдар үшін 10 АЕК (34 500 теңге) айыппұл салу көзделген».

Сонымен қатар, ақылы жолдың әкімшісі учаскелерге кірер алдында тиісті хабарламасы бар ақпараттық табло орналастырады.

Ақпараттық тақтада келесі ақпарат көрсетіледі:

- ақылы учаске бойынша жол жүру ақысының құны;
- учаскенің ұзындығы;
- жол ақысын төлеудің ықтимал тәсілдері;
- ақылы жолдың әкімшісінің байланыс деректері.

Бұл ретте ақылы жолдың әкімшісі пункттерде кептелісті болдырмау үшін шлагбаумдарды дереу көтеру, көліктің тиісті жылдамдығын сақтауды қамтамасыз ету міндеттеледі. Ақылы учаскелер бойынша берешегі бар жүргізушілер жолға жіберілмейді.

Жаңа талаптар 16 наурызға дейін көпшілік талқылауда болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

МЕДЕУ АУДАНЫ



Осы жылы **64,7 шақырым** су құбыры және кәріз желісі салынады



Ауданда **4 жаңа** су көзін салу жоспарланып отыр



«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Құлжа күре жолының оңтүстігіне қарай **2000 орынды** жаңа мектеп салынады



Биыл «Алатау» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады, қазір жұмыстар **90%-ға** аяқталды



Биыл 8 маршрут бойынша **126 автобусты** жаңарту жоспарланған



Биыл Алматыда 6000-нан астам бейнебақылау камерасын орнату, оның **750-ін** Медеу ауданына қою жоспарланған



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖАҢА ҮЙЛЕР – ЗАМАН ТАЛАБЫ

2029 жылға дейін елімізде 1500 үй сүріледі

Кез келген затты ешбір күтімсіз ұзақ пайдалансаңыз, ол тозады. Сол секілді, тұрғын үйлер де ескіреді. Бұл – табиғи құбылыс.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда «хрущевка» атанып кеткен тұрғын үйлер көп. Іргетасы өткен ғасырдың екінші жартысында қаланған үйлер 1959–1985 жылдар аралығында бой көтерді. Олардың құрылысы 60-жылдары қарқынды жүргізілген. Одан кейін дәл осы жобамен үй салу 80-жылдардың ортасына дейін жалғасқан. Пайдалану мерзімі шамамен 50 жыл.

Деректерге көз жүгіртсек, халықтың бұл үйлерді «хрущевка» атап кетуіне сол кездегі Н.Хрущевтің «Жобалау мен құрылыста шамадан тыс шығындануға жол бермеу жөніндегі» қаулыға қол қоюы себеп болған екен. Өйткені, қаулыда құрылысшыларға жедел түрде ешқандай сәулеттік ізденіссіз көппәтерлі үйлерді салу жүктелген.

Міне, содан бері қаншама жыл өтсе де, «хрущевка» үйлер Алматыда әлі бар. Алайда, олардың қазіргі көрінісі сын көтермейді. Себебі, бұл үйлерде қолданыстағы заңнамаға сәйкес кондоминиум нысанындағы жалпы мүлікті күтіп ұстау талаптары қатаң сақтала бермейді. Үйлердегі ішкі инженерлік

желілердің жиі істен шығып жататынының себебі осы. Құрылыс саласының мамандарының пікірінше, мұндай үйлер күрделі жөндеуге де, қайта жаңғыртуға да жараммайды. Демек, тығырықтан шығар жол біреу ғана – ескі үйлерді сүріп тастап, орнына заманауи үлгідегі көпқабатты үйлер тұрғызу. Ал бұл уақыт талабымен қарқынды дамып келе жатқан Алматы үшін өзекті мәселе.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевтың мәліметінше, бүгінде Қазақстанда 54 мың көппәтерлі тұрғын үй бар. Бірақ олардың 17 мыңы күрделі жөндеуді қажет етеді. Сонымен қатар, елімізде тозығы жеткен және апатты жағдайдағы 3700 үй тұр. Биыл апатты жағдайдағы тұрғын үйлер мәселесі қайта қаралады. Сонымен қатар, қалалардың сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында сүрілетін үйлердің тізімі жасалады. Жалпы, 2029 жылға дейін 1500 үйді бұзу және 40 мың азаматтың баспана мәселесін шешу жоспарланып отыр. Министрдің айтуынша, тұрғын үй құрылысына инвестиция өткен жылмен салыстырғанда 16,8% артып, 2 трлн 900 млрд теңге болды. Мемлекеттік инвестициялар есебінен 17 300 пәтер салынып, 10 500 жеңілдетілген несие берілген.

Сонғы жылдары Алматыда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Мегаполисте бұл бағытта атқарылған нәтижелі жұмыстар жоқ емес. Біршама апатты үй тұрғындары жаңа қонысқа көшкені де белгілі. Дегенмен, уақыт озған сайын ескірген үйлер мәселесі шыға беретіні заңдылық. Ал Алматы үшін кеңес заманында салынған үйлерді сүру ең бірінші кезекте тұр.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ШЕТЕЛДЕ БҮЛ МӘСЕЛЕ
ҚАЛАЙ ШЕШІЛГЕН?

Әр елдің тұрғын үй қорын жаңартудың өзіндік әдістері бар. Десек те, еліміздегі апатты жағдайдағы үйлерді азайтып, ескірген үйлерді жаңғырту үшін дамыған елдердің жақсы ісін үлгі еткен артық болмас. Мәселен, Германия тұрғын үйді жаңарту ісінде нәтижелі жетістікке жеткен елдердің бірі саналады. Оларда «Stadtumbau» 2002 жылы іске қосылған. Тұрғын үйді жаңартуға арналған бағдарлама 2010 жылға дейін жалғасып, осы жылдар ішінде 2,5 млрд еуро инвестиция құйған. Бағдарлама аясында елде 260 мың тұрғын үй сүрілген.

Францияда 2009 жылдан бері ескі шағын аудандарды жаңартуға арналған ұлттық бағдарлама жүзеге асуда. Бағдарлама XVI–XVIII ғасырларда салынған үйлерді жаңғыртуды мақсат етеді. Француздар бағдарламаны жүзеге асыруға 380 млн еуро бөлген. Эстонияда «SmartEnCity» бағдарламасы арқылы «хрущевтік» үйлерді жаңғыртып, оның орнына энергия тиімді үйлерге алмастыру жұмысы нәтижелі жүзеге асуда. Бір үйді жаңғырту 1 млн еуро тұратын бағдарламаны еуроодақ қоры қаржыландыруда. Онда үйлердің қасбеті жаңартылып, күн панелі орналастырылып, терезелері ауыстырылып, желдеткіштері, жылу жүйесі толығымен жаңарту жұмыстары жүргізіледі екен.

КЕРЕК ДЕРЕК

• Алматыда 1930–1975 жылдары салынған пайдалану мерзімі өткен 1427 екі қабатты үй бар.

• Бұл үйлерде 60 мыңнан астам азамат тұрады.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ



«КӨКТЕМ–2023»

Шаһарда оқу-жаттығу барысында
54 шақырым өзендер мен арық желілері
тазартылды



Елімізде «2023 жылғы су тасқыны кезеңінде ТЖ жою кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын дайындау» тақырыбында «Көктем–2023» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы басталды.

Алматы қаласы ТЖД баспасөз қызметі хабарлағандай, «Көктем–2023» оқу-жаттығуы барысында 54 шақырым өзендер мен арық желілерінен 640 м³-тен астам лай, тастар, жабайы өсімдіктер мен қатты-тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Жаттығуға ҚР ҰҰ «Оңтүстік» аумақтық басқару, ҚР Қарулы күштері әскерінің десанттық-атқыштар жасағы, мердігерлік ұйымдар, қаланың азаматтық қорғау қызметі, волонтерлік ұйымдар және ТЖМ аумақтық бөлімшелерінен барлығы 600-ден астам қызметкер, 309 арнайы және инженерлік техника жұмылдырылды.

Дабыл сигналы бойынша ТЖМ аумақтық бөлімшелері

мен қаланың азаматтық қорғау қызметтерінің күштері мен құралдары тобының әл-Фараби даңғылының оңтүстік жағына «Есентай» өзенінің арнасына жедел жұмылдыру жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, қалған 7 ауданда өткізілген жаттығуда арық өзендердің бойы бұтақ пен жабайы өсімдіктерден, тұрмыстық қатты қалдықтардан және тастардан тазартылды. «Сайран» өзенінде қаланың азаматтық қорғау қызметі мемлекеттік жүйесінің, ТЖМ бағынысты және аумақтық бөлімшелерінің су сорғыш құралдары тексерілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЙЛАУ – 2023

АДАЛДЫҚ – АРДЫҢ ІСІ

Дүниежүзілік сауда ұйымы, дүниежүзілік банк сынды қаржылық ұйымдарына мүшелікке өткендер өркениет көшінде ілгері басуда. Дәп қазіргідей геосаяси жағдай шатқаяқтап тұрғанда ақылмен әрекет ету маңызды. Халықаралық ұйымдар қағидалары бойынша өз экономикалық даму бағытымыздан таймау аса маңызды саналады.



Қазақ мемлекетінде әлеумет пен әлеует ахуалы бағамдалды. Тың бастамалар қолға алынды. Жаңа өзгерістер ел экономикасына қарқын береді деп сенеміз. Дәл бүгінгідей алмағайып кезеңде аяқты аңдап басып, өз жолымыздан ысырылмай жүру қажет болып тұр. Сондай-ақ, халықтың табысын арттыру, дефолтқа ұшырамау шарт. Осыған орай экономист Сапарбай ЖОБАЕВТЫҢ ой-пікірін білдік.

Елде жақсылық қылаң берген сияқты. Әділетті Қазақстан орнап келеді. Осы ұғымның жүйелі механизмі болғанын қалаймыз. Бәрі әділ болса. Ешкім жемқорлыққа бармаса. Адал іс жасап, ептілер кәсіпті дөңгелетсе. Бюджетке қол салынбаса, жетістік деген сол.

Әрбір баланы отбасынан адалдыққа тәрбиелейік. Өйткені, ол да осы Отанның перзенті. Тым жоғары басшылыққа көтеріліп, келеңсіздікке белшеден батқан опа әпермейді. Өйткені, адал жүріп-тұрғанға ештеңе жетпейді.

Бұрынғы кісілер «атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дейтін. Қандай қасиетті сөз десеңізші. Менің жасым 70-ті алқымдады. Ала тақиялы ағайынның арасында өстік. Өзбекстанда білім алдық, іс қылдық. Депутат та болдық. Бүйрегіміз бұрып атамекенге оралдық. Бар ниетіміз ата-бабамыздың қаны сіңген киелі мекен өркендесе дейміз. Ол үшін – адалдық қажет.

ДЕПУТАТ

ХАЛЫҚТЫҢ АДАМЫ

Осы күні депутат болғысы келетіндер жетерлік. Талайы өзінің сайлауалды бағдарламаларын таныстыруда. Парламент заң шығарушы орган. Онда елдің тағдырына тікелей байланысты шешімдер қабылданады. Сол себепті, салғырттыққа жол берілмесе екен. Депутаттар арасында экономист пен заңгерлер көбірек отырса дейміз. Есеп-қисап талқыланады. Жылдық бюджет бекітіледі. Қазынаны қампайтудың қамы ойластырылады. Алдағы қаржылық дағдарысқа қарсы іс-қимыл байыпталды. Бұл кезеңде қаржы мамандарының қадірі артады.

Бізге білікті, әділ заңгерлер ауадай қажет. Мәселен, олардың бір шоғыры әлеуметтік саланы жақсы білсе, ендігісі медицина жайын жетік түсінеді. Тағы бірі бизнестегі құқықтық реформаны жасауға бейім. Көріп отырғандарыңыздай, заңгерлердің үлес салмағы жоғары болса дейміз.

Жалпы, әр істің көзін білетін азаматтар Парламентаризм институтын құрады. Елді жеуге жол бермейді. Ұлттық менталитеттің тамырына қан жүгіртсе, әділ жұмыс істейді. Ақиқаттан аттамайды. Ғайбат сөйлемейді. Қарақан басынан ел болашағын артық қояды.

Депутаттың жасына, жынысына шектеу болмағаны жөн. Белгілі бір квота бөлмей-ақ, ісіне қарай бағалайық. Жасы 25-те болса да, оның ынтасы, өзіне деген сенімі тау қопаруы бек мүмкін. Сонымен қатар, 75-тен асса да, ақыл-парасаты, ғұмыр тәжірибесі қиын сәттерде міндетті түрде кәдеге жарайды. Мұны тарих мың мәрте дәлелдеп келеді. Қазаққа «Іштен дау күшейсе, сырттан жау көбейеді» деген аталы ұғым бар. Ендеше, ым-жымды білдірмей, тындырымды іс қылайық.

ЕЛ ТАБЫСЫН ЕСЕЛЕЙІК

Қазақ экономикасы түрлі дағдарысты еңсеріп келеді. Жалпы, бір нәрсені түсінейік. Үнемі экономикалық дүмпу бола бермейді. Бірде артады, кейде түседі. Бірақ ұдайы дефолт орнай бермейді. Бір кездері дамуы жүреді.

Мемлекет басшысы ел байлығы 162 адамның қолында деген еді. Демек, 50%. Квазимемлекеттік сектор экономикалық дамуға кептеліс тудыруда. Жекеменшікке көбірек мүмкіндік берілуі тиіс. Орта және шағын бизнесті жолға қоятын болсақ, озамыз.

Жеке табыс салығын қайта қарайық. Қарапайым медбикелерден бастап, олигархтар, жоғары лауазымдылар да 10% салық төлейді. Дамыған елдерде басқашалау. Норвегияда дәулетті бай-манаптар 30–40% көлемінде салық төлейді. Айлығы аздар шамамен 3–4 % салық төлесе, аса ауқаттылар бұған 10 есе төлесе пропорция болады. Мұны бір әділдікке санаңыз.

Ұлттық қор – болашақ үшін. Бұған қол салмайық. Олигархтар инвестициялық жобаларына бола тұра, одан дәмепегені жөн. Бұның рахатын келешек ұрпақ сезінуі тиіс. Қазақстан экономикасы пандемияға, әлемдегі санкциялар текетіресіне байланысты 4%-ға азайды. Былтыр 2,5%-ға көтерілді. Биыл инфляцияны тежеп, жылдық табысты еселеу міндеті тұр.

Мемлекеттік сатып алу деген нәрсе бар. Дүние жүзінде бұл ашық, әділ жүргізіледі. Бізде де тап солай етейік. Бір заң, екіншісіне қарсы келмесін. Жұрт кімнің қандай бизнес жобаларды іске асырып жатқандығынан хабардар болсын. Сонда бәріне тең мүмкіндік орнайды. Бәсекелестік қалыптасады.

Субсидия алу тәртібін ашық өткізейік. Баяғы байлар бөлеске салмаса екен. Миллиондаған қаржысы, жері барлар талан-таражға салып, қарапайым шаруа бәрінен қағылып келді. Олар көп жаңалықтардан хабарсыз қалуда. Құжаттық кедергі көп. Әбден әбігерге түскен шаруа қожалықтары, қолды бір сілтеп ақырында кетіп қалады. Сосын да кәсіп тұралайды. Диканға жерді игеруге мүмкіндік берейік. Сонда ғана ауыл өз күшін өзі көреді, елдің табысы артып, қазаны қайнайды.

3 МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫН САЛАЙЫҚ

Ел қазынасына табыстың басым көпшілігі мұнай мен газдан түсіп отыр. Шамамен 40%-ды құрайды. Болашақты ойласақ, экономиканы әртараптандырайық. АҚШ, Аустралия сияқты ауылшаруашылық өнімдерін экспорттаушы елге айнала аламыз. Бірақ мұнда үлкен тәуекел бар. Қыс бірде ерте түседі. Ауа райы да құбылмалы. Дегенмен, ауылшаруашылық секторының үлесін жақсартуға берейік.

Өнеркәсіп, транспорттың тиімді тұстары бар. Соған да көңіл бөлген жөн. Бір ғана саланы қатып ұстап қалмайық. Бұлай деуімізге бірнеше себептерді айтуға болады.

Дамыған елдер шикізатты мүмкіндігінше экспорттамауға тырысады. Оны өңдеп, тұтынатын заттар шығарады. Сонда құны артады. Химиялық өндіріс, тыңайтқыштар, протелен және т.б. бұйымдар жасап сатады. Мұнайы жоқ елдер өздеріне шикізатты апарып бензин, солярка жанар-жағармай етіп өзгелерге пұлдайды. Пайдаға кенеледі. Ал осыны біз де істейік.

Қазақстанның қазба байлығы жеткілікті. Алайда, мелшіні отырмайық. Еуро 5 стандартына сай 3 «Мұнай өңдеу зауытын» салайық. Бұрынғы 3 зауыт ескірді. Атырау, Шымкент, Павлодардағы зауыт құрылғылары тозған. Ішкі нарықты қамтамасыз етпейді. Сонда Қазақстанда 6 мұнай өңдейтін зауыт жұмыс істейтін болады. Химиялық өндірістерден бастап битумға дейін шығаратын боламыз. Импортқа тәуелділіктен арылтамыз. Көп кәсіпкерлер шикізатты бірден экспорттаса, қалтаға қаржы бірден түсетінін біледі. Сондықтан қайта өңдеуге қызықпайды. Түбінде мұнайды өзімізде өңдеп, экспорттасақ бюджеттегі қаржы мол болады.

ҮЙГЕ МҰҚТАЖДАР БАСПАНАЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Біздің елімізде баспана мәселесі оңтайлы шешілуі үшін әртүрлі бағыттар қарастырылуы үстінде. Бірқатар азаматтар пәтер алды. Бүгінде 550 мың адам үй кезегінде тұр деседі. Бәлкім, одан да көп болар. Ең бастысы, мүгедек жандар, мүмкіндігі шектеулілер, көпбалалы аналар баспаналы болса дейміз. Бізде мемлекеттік қызметтегілерді ойластырған. Соның салдарынан кезек жылжымайды. Мұны да қайта қарайық.

Осыдан біраз бұрын зейнетақы қорындағы ақшаның біраз бөлігін алуға рұқсат етті. Сол кезде бір туысым 11 миллион теңге жинап 1 бөлмелі үй алмақшы еді. Құрылыс компаниялар, делдалдар зейнетақы жарнасының бір бөлігі берілетінін естіп, үйдің бағасын шарықтатып жіберді. Мейлінше өзгеге иек артпай, әр адам өзіне сенетін заман болып тұр ғой.

Шетелмен салыстырғанда бізде үй арзан да, дамыған елдермен теңшегенде өте қымбат. Сондықтан мемлекет ең мұқтаж жандарды бірінші кезекте қамтығаны дұрыс. Осылай етіп те жатыр. Бәлкім, баспана мәселесі алда оңтайлы шешімін тауып қалар.

Баршасы қалаға келу шарт емес. Мегаполистің қақ ортасында тұрып мырғай болу да міндет емес. Ауылда қалып, жерді өңдеп, мал бағып, жанұяға жылу сыйлап, баспана тұрғызып мамыражай күн кешуге болады. Сонда мұндай баспанаға деген мұқтаждық бола қоймайды.

Ешкім несиеңі жайдан-жай ресімдемейді. Басына пана, ісін жүргізу үшін алады. Осыған бола қаржылық сауатсыздық белең алды дей алмас едім. Біздің халық өте сауатты. Айтқанды ұғып жүр. Алайда, тұрмыс оңалтуға мұрша бермесе, қайтсын. Мұндайда бұқара мен білік бірлесіп, ымыраласып тірлік қылғаны абзал. Дәп сол кезде ғана аталған мәселелерді шешуге мүмкіндік аламыз.

P.S.

Қазақстан жер жүзінде біреу ғана. Сондықтан бұл елде тұру, ғұмыр кешу қалғандарына арман болуы керек. Ол үшін табысты әділ бөлу қажет. Әрбір отбасы ел байлығының дәмін сезуі тиіс. Сонымен қоса, елдің дамуына аянбай еңбек етсе, сонда болашағымыз жарқын болмақ.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ӘЛЕУМЕТ

Елімізде ана мен баланы қолдау іс-шаралары мемлекеттік саясат шеңберінде тұрақты жүргізіліп келеді. Мемлекет басшысы 2022 жылғы қыркүйектегі Жолдауында бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін ұлғайтуды тапсырғаны белгілі.

АНА МЕН БАЛА МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Иә, биылғы қаңтардан бастап бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі бала 1,5 жасқа толғанға дейін ұлғайды. Бұрын 1 жасқа дейін төленген болатын. Енді жаңа төлем бойынша: отбасындағы 1-ші балаға – 19 872 теңге (5,76 АЕК); 2-ші балаға – 23 495 тг (6,81 АЕК); 3-ші балаға – 27 083 теңге (7,85 АЕК); 4-ші және одан да көп балаға – 30 705 тг (8,9 АЕК).

Жұмыс істейтін аналарға бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем биылдан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін де төленеді. Бұл әлеуметтік төлем мөлшері бала туғанға дейінгі кейінгі 24 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген табыстың 40%-ын құрайды.

Сонымен қатар, отбасының табысына қарамастан, отбасында бірінші, екінші және үшінші бала туған кезде 131 100 теңге (38 АЕК) төленеді. Ал төртінші және одан да көп бала туғанда 63 АЕК мөлшерінде тағайындалады және ол 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 217 350 теңгені құрады.

Егіз (үшем және т.б.) туған кезде әр балаға біржолғы туу жәрдемақысы төленеді және оның мөлшері туу тәртібіне байланысты.

Мемлекеттік қолдау шеңберінде бірге тұратын 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға да ай сайынғы жәрдемақылар төленеді. Олардың мөлшері биылғы қаңтардан бастап: төрт балаға – 55 304 тг (16,03 АЕК); бес балаға – 69 138 теңге (20,04 АЕК); алты балаға – 82 973 тг (24,05 АЕК); жеті балаға – 96 807 теңге (28,06 АЕК); сегіз балаға және одан асқан әр балаға 13 800 теңгеден (немесе 4 АЕК-тен).

– «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға жәрдемақы мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 22 080 теңгені (6,4 АЕК) құрады. Бұдан басқа, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға төменгі күнкөріс деңгейінің 1,4 мөлшерінде төленеді. Биылғы қаңтар айынан бастап аталған жәрдемақы мөлшері 56 794 теңгені құрады. Бала кезінен (яғни 18 жастан асқан) I-топтағы мүгедектерге күтім жасайтын адамдарға берілетін жәрдемақылар да биылдан бастап 56 794 теңгені (ЖМ-ден 1,4) құрады. Яғни балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдауға ерекше назар аударылады, – дейді Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаментінің басшысы А.Аймағамбетов.

Такырыпқа орай айта кетсек, келер жылдан бастап балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақтау шоттарына Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын аудару көзделген. Сондай-ақ, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақылардың мөлшерін саралау көзделіп отыр.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

«ЖҮРЕКТІҢ ДӘРІСІ»

Алматы қаласының тұрғыны, 107 жастағы Қанша Қарсыбаева екі ғасырдың куәгері. Әжей шаһарымыздың барша әйел-аналарын көктем мерекесімен құттықтап, ақ батасын берді.

– Жан-жағыңа қарасаң, күмістен терек орнасын, үйіңе келген мейманың атын соған байласын. Қырғауылдай қырқылдап, бөденедей бүлкілдеп, таң мезгілі болғанда, Қыдыр келіп дарысын! – дейді Қанша әже.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонау 1916 жылдың 18 шілдесінде ҚХР-ның Аралтөбе деген жерінде дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, егін екті, қызылша өсірді. Қой бағып, сиырды да сауды. Қайда қиын жұмыс болса, басы-қасында Қанша жүретін.

– Қара жұмыс істегеннен жаман болған жоқпын. Таңның атысы, күннің батысы үйдің бетін көрмедім. Ауыл шаруашылығының барлық саласында еңбек еттім. Шынығып, ширадым. Ең соңында қоймашы болып зейнетке шықтым, – деген Қанша әжей әлі де тын, ширақ көрінді.

Қанша Жақыбайқызы бес баланы дүниеге әкелген. Бүгінде олардан 26 немере, 36 шөбере, 19 шөпшек көріп отыр. Қазір Кенже деген қызының қолында, Алматы қаласында тұрып жатыр.

– Анамыз ширақ, тың. Сыртқа өзі шығып-

кіреді. Әңгімелескенді, ән тыңдағанды ұнатады. Күні кешеге дейін іс машинасымен тігін тігіп, үй шаруасына қолғабысын тигізіп отыратын. Осыдан бір жыл бұрын 1956 жылғы ұлы қайтыс болды. Анамызға бұл қайғы оңай түспеді. Жылай бергеннен қазір көзі нашар көре бастады. Анамыз соңғы жаңалықты қалт жібермей тыңдап отырады. Құлаққабын киіп алып, телефоннан «Қазақ радиосын» тыңдайды. Әдейі «не жаңалық болып жатыр екен» деймін ғой. Анам естіген барлық жаңалығын айтып береді.

«Адам қартайғанда бір бала» деген рас екен. Күнделікті асқа ботқа дайындап беремін. Айран, сүт, иогурт ішеді. Сосын күнде бір тал балмұздақты, «жүректің дәрісі» деп сүйсіне жеп алады, – дейді қызы Кенже.

ӘЙЕЛ СИПАТЫ

АРУЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР

ӘЙЕЛДЕР ерлерге қарағанда 5–10 жыл ұзақ өмір сүреді. Имунитеті ер адамдардікінен мықты келеді. Сондықтан олар көп ауруды жақсы көтереді.

Жүрегі жігіттердің жүрегіне қарағанда 20%-ға кіші, ал миы ерлердікімен салыстырғанда 10%-ға кіші. Есту қабілеті жақсы дамыған. Сондықтан құрсақта жатқанда-ақ ұлға қарағанда қыз бала анасының дауысын бірден таниды екен. Ерлерге қарағанда жиі күлімсірейді, бірақ төрт есе көп жылайды.

ОЛАР ерлермен салыстырғанда салауатты өмір салтын көбірек ұстанып, дұрыс тамақтануға көңіл бөледі. Сезімге тез берілгіш, көңілшек келеді. Сондықтан да жағымсыз ойлардан және күйзелістен ерлерге қарағанда тез арыла алады. 70% әйел төсек қатынасынан гөрі, тәтті шоколадты қалайтын болып шықты.

ҚЫЗДАР бір жерге баратын болса, ылғи үйден 10 минут бұрын шығамын деп ойлайды, бірақ көбіне олай бола бермейді. Кешігу, жігітті күткізу – қыздардың жазылмаған заңы дерсіз. Иә, қыздар кешкі кездесуге күні бойы дайындалып, бәрібір кешігеді. Әйел өз өмірінде 2-3 кг ерін далабын жейді екен. Кірпігін бояғанда, аузын ашады. Әйелдің терісі ерлерге қарағанда 10 есе сезімтал. Артына қарағанда қыздар көбіне мойнын ғана бұрады, ал жігіттер денесін түгел бұрып қарайды.

СӨМКЕСІ үнемі затқа толып жүреді, бірақ оның көбін ешқашан пайдаланбайды. Ол үшін ең жағымсыз нәрсе –



сауық кештеріне немесе той-томалаққа өзінің үстіндегідей немесе соған ұқсас көйлек киген әйелді көру.

Қоғамдық әжетханаға құрбысымен барғысы келіп тұрады. Себебі, өсек айтатын уақытын жіберіп алғысы жоқ. Қыз-келіншектер ерлерге қарағанда бір күнде үш есе көп сөз айтады. Сондай-ақ, әйелдер әңгімелесуші адамын ер адамға қарағанда мұқият және ұзақ тыңдай алады екен.

СТАТИСТИКА ресми келіссөзді еректерге қарағанда әйелдер жақсы жүргізетінін көрсеткен. Майами – АҚШ-тағы әйелдер іргесін қалаған жалғыз ірі мегаполис. АҚШ-та 9 миллионнан астам компания қыз-келіншектердің иелігінде.

ДДСҰ-ның мәліметінше, 640 млн-нан астам әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыс деп санамайды. Әлемдегі күйеуінен ажырасқан ең жас әйелдің жасы 10-да болған. Сауалнама көрсеткендей, 49% әйел өзін 50 жастан кейін бақытты сезінеді екен.

Нұржамал ӘЛШЕВА.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ӘЙЕЛМЕН ӘЛЕМ ӘДЕМІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әйел-аналардың иығына отбасының ғана емес, бүкіл ұлттың жауапкершілігі жүктеліп отырғанын айтып, «Ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласты. Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдердің есімдері тарих жылнамасына мәңгілікке жазылып, жадымызда жатталады. Бүгінгі егемен елімізде де әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Отбасы институтын, көп балалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы», – деген еді.

Сондай үлкен жолда өзіне деген сенім үдесінен шығып келе жатқан Сәбила Мырзашқызы өзі тандаған мамандыққа арнап қана қоймай, жиғаны мен тергенін, көргенін мен түйгенін жас ұрпаққа жалықпай үйретіп келе жатқан ұлағатты ұстаз. Сонымен қатар, Сәбила Мырзашқызы қаламыздағы Пушкин атындағы №4 гимназияның білікті басшысы.

Ұстаздар отбасынан тәлім-тәрбие алған алғыр қыз сонау 1982 жылдан бері осы жолда абыроймен еңбек етіп келеді. Нағыз еңбек адамы. Жас кезінде өзге құрбы-құрдастарының бірі экономист, енді бірі заңгер мамандығын тандап жатқанда, Сәбила еш ойланбастан ата-анасының жолын қуып, ұстаздық жолды таңдады. Қазір қарап отырса, қателеспеген екен. Егер басқа саланы тандағанда өзі қалаған арман биігінен көрінер ме еді, көрінбес пе еді? Кім білсін? Талай баланың қолына қалам беріп, қара танытқан әкесі Мырзаш сол ауылдағы әрбір үйдің қамқоры болса, анасы қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүретін нағыз белсенді еді. Бүгінде 93 жасқа келген анасы Астанада тұрып жатыр. Осындай ортадан тәрбие алып, ізгілік нұрынан нәр алған Сәбиланың өмір дастаны да ата-анасы салған жолмен түйісті. Қаланың қызы бола тұра, оқу ордасын бітірген соң, жолдамамен ауылға барды. Алғашқы еңбек жолын ауыл мектебінен бастады.

Міне, содан бері ширек ғасыр бойы осынау ұстаздық атты ұлы жолда имандылық пен ізгілік, адалдық пен әділдік сынды



асыл қасиеттерді бойтұмар етіп келеді. Арада қанша жыл өтсе де, өзінен де, өзгеден де талап ететін мінезі әлі бар. Ұлағатты ұстаз осынау жылдар ішінде еңбек жолын мектеп мұғалімі болып бастап, балабақшада тәрбиеші, әдіскер, мектеп директорының орынбасары сияқты барлық педагогикалық баспалдақтардан өтті. Ұзақ жылғы тынымсыз еңбегінің арқасында мектеп басшысы атанды. Қарап отырсаңыз, Сәбила Мырзашқызының еңбек жолының ерекшелігі де осында болса керек. Бүгінде өз саласының білгірі атанған Сәбила Мырзашқызының өз жолы бар. Мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, өзінің шеберлік мектебін қалыптастырды. Медеу ауданындағы жас педагогтардың ақылшысына айналды. Жалпы, әйел адамның қызметте, әсіресе басшы қызметте жүруі әрине қиындау. Мұндай кезде көбіне отбасының мәселесін емес, өзі басшылық етіп отырған мекеме туралы ғана ойлап, көп ой туюға тура келеді екен.

– Ұстаз болудың өзі үлкен құрмет. Ұстаз еңбегінің қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Қиындығы ұстаздың алдында үлкен жауапкершілік, қыруар міндет тұр. Болашақ ұрпақтың елдің көсегесін көгертетін, асқақ рухты болуы да ұстазға байланысты. Сондықтан еліміздің өсіп-өркендеуіне ұстаздың қосып отырған үлесі мол дер едім. Ал енді қызығы, ұстаз-

дардың мәңгі жас кейпін сақтап, жан жылуын жоғалтпайтын асыл қасиеті. Мен өз өмірімде қазақ білімінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, еліміздің Тұңғыш Еңбек Ері атанған Аягүл Мирзозованы ерекше пір тұтамын. Сол кісіге ұқсағым келеді. Ұстаздардың ұстазынан үйренгім келеді. Қазіргі ақпараттық заманның желі ұстаздарға да өзіндік әсерін тигізіп жатыр. Сондықтан болар, бізге қойылып отырған талап та жоғары. Қазіргі заманғы ұстаз ақпараттандырылған, жаңа форматты, жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт дайындауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, заманауи инновациялық технологияларды терең меңгеруі керек. Сондықтан да мен өз ұжымымыздағы ұстаздарымыздың осы талапқа сай болуын бірінші орынға қоямын. Қазіргі уақыттың бізге қояр талабы – мұғалім де, мектеп басшысы да сапалы білімге жету жолында аянбай еңбек етуі керек. Сондықтан мектебімізде қоғамдық өзгерістерге тез икем-делетін, жаңалыққа жаны құмар, шығармашыл, яғни деңгейлік курс бағдарламасын оқып-үйреніп, тәжірибеде қолдану арқылы нәтижеге жетіп жүрген ұстаздарымыз өте көп, – дейді Сәбила Мырзашқызы.

Бүгінгі білім жүйесі жаңаша дамыған, өзгерістерге толы. Жас ұрпақ жаңа буынды оқулықтармен, жаңа технологиялармен білім алуда. Өркениеттің төл туындылары төрге озды. Осынау ұшқыр уақыт заманауи басшыдан не талап етеді? Қазіргі мектеп басшысы қандай болуы керек? Ең алдымен, сенімді жетекші болу, жауапкершілікті өзіне алу, ұйымдастырушылық қабілетін дәлелдеу, өз жұмысын үнемі іштей бағалау және алдағы қажеттіліктерді анықтау, жаңа идеялар мен үрдістерді зерделеп, қажеттісін таңдауда бастамашыл болу, берілген тапсырмалардың уақытында дұрыс орындалуын қадағалау, мектеп өмірінде кездескен ситуациялық жағдайларды шеше білу. Міне, осындай ерекшеліктер табиғат берген сабырлы мінез бен ұзақ жылғы тәжірибеге бай Сәбила Мырзашқызының бойынан табылары анық.

Ұлағатты ұстаз мектепте білікті басшы болса, отбасында асыл жар, ардақты ана, сүйікті әже. Жарасымды отбасының отағасы Талғат ғылым саласында, профессор, балалары Нәдір, Әсел, Ғалымжан, Ақмарал, Аружан, қылығы балдай тәтті немерелері Сәбила Мырзашқызын әркез сағына тосып отырады. Ортасына да, отбасына да қадірлі Сәбила Мырзашқызы сынды әйелдермен әлем де әдемі екен.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



● КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

АҚЖАУЛЫҚТЫ АНАЛАР

Уақыт өткен сайын бұрынғының бәрі сағымға айналып барады. Қанша армандасақта, оралмайтындай көрінеді. Ненің дұрыс, ненің бұрыстығын білмей қалдық. Десек те, өткен кездердің естелігі көңілде маздап тұр. Сол шақтарға сағыныш басым.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шіркін, бұрынғы балалық шақ қайта келсе ғой... Оған ешбір шақты айырбастамас едім. Күн өтіп, айлар жылжыған сайын көнені аңсаймыз. Әсіресе, үлкен кісілердің бейнесі көз алдымыздан кетпейді. Ауылда туып-өскеннен болар, қазақылықты іздейміз.

Біздің әжелеріміз көктем шыға күн шуаққа шығып отыратын. Қарашаңырақта тұрғандықтан шығар, үйімізден келімді-кетімді кісі үзілмейтін. Тым құрығанда, амандасып өтетін. Жаздың күні қақ, қауыңқұрт жасайтын. Күзде соғымға араласатын. Қыста тәтті-дәмдісін бізге беретін. Баршамыз пеші бар тамға жиналамыз. Сонда дәу-әжемиз ашаршылық, соғыс, жұт, зұлмат туралы естеліктерді шертетін. Мектепте өтпеген тақырыпты, үйден құлаққағыс болып естіп өстік. Тұнып тұрған шежіре болатын. Біз дәу-әжемиздің шөбересі болдық. Атамның анасы еді. 93 жыл ғұмыр кешті. Жатып ауырып қалмады. Қанша тауқымет көрсе де, тұғырынан таймады, күш-қуатын жоғалтпады. Дүниеден өткен кезінде, тұтас тарих көшкендей болды. Осы күні біраз дүниеден хабарымыз болсақ, соның барлығы дәу-әжемиздің еңбегі деп білеміз.

Бүгінде өз әжемиз де ақжаулық таққан, қазақылықтың жөнін біледі. Ер кісінің жолын кеспейді. Сонау жылдары ер адамдардың барлығы дерлік соғысқа аттанғанда, кейбірінің жұбайлары оралмапты. Қан майданда ер-азаматы ерлікпен қаза тапса, кейбір ұяты, ары күшті әйел-азаматшалар шаңырағының отын сөндірмей, баласын бір өзі жетілдіріп, ел қатарына қосыпты. Ондай жандардың ұл-қыздары ең мықты тұлғаға



айналды. Оған тарих куә. Бір сөзбен айтқанда, қазақы менталитеттен айнымайық. Қанша жерден заманауи болсақта, түбінде өз негізімізге ораламыз. Мұны тағдыр мың мәрте дәлелдеп қойған.

Дәстүрдің озығы бар...

Қазақ халқында ескіден келе жатқан үрдіс бар. Яғни ата-әже институты. Өңгімені әріден тартайық.

Қалалық жерде әркім өз басымен әуре. Ал ауыл-аймақта ата-әже тұңғыш немерені өзі бауырына басады. Оны ешкімге бере қоймайды. Сөйтіп, өз баласындай өсіреді. Тіпті, туғаннан бастап, басыбайлы алып қойып жатады. Жас жұбайлар да, онша қарсы болмайды. Қарсылық танытқанмен, түк шықпайтынын біледі. Өзінің ата-анасынан жырақта, үлкен кісілердің тәрбиесінде болады. Бірге туған бауырларына жат атанады. Ақыр соңында әлгі бала әке-шешесіне суықтау болады. Мың жерден бүйрегің бұрып тұрғанмен, жуыса алмайсыз. Бәрібір салқындық болады. Мұны біреуге айтсаң, елемейді. Түсінбейді. Оны басынан өткендер білер. Егер баршасы

бір шаңырақ астында тұрса, онда әңгіме басқа. Сондай-ақ, баланы ақыл тоқтатқан шақта әке-шешесіне қайтарса, ол кезде де балаға ауыр тиеді. Ол тарапты ойлап жатқандар аз. Осы бір дәстүр-салт бүгінде көмескіленді. Бұрынғыдай ақжаулық таққан әжелер, ақ сақалды аталар азайып барады. Қазақы ата-әже институты жалғасын тауып жатса, бірдене демес едік. Үлкендеріміз заманауи кейіпке еніп барады. Сол себепті де, әркім өз баласына өзі еге болғаны абзал. Сонда тәрбие бөлек болмас. Өзімен бірге туған бауырларына жат атанбайды.

Бұрынғылар «Тәрбие – тал бесіктен» дейтін. Мұны терең ойлап, академик болудың қажеті жоқ. Бастысы, ұрпақ тәрбиесіне ата-әже де аралассын. Тағылымдық тәрбиесін берсін. Бірақ ата-анасын бөле-жара қарап, баяғыдай аты-жөнін баттитып айтқызуды қою қажет. Мұның арты жақсы болып жатқан жоқ. Үлкендер өмірден ерте өтеді. Дәл сол кезде немере жетім қозыдай болып қалады. Бәрібір «ат айналып қазығын табады». Таяқтың екінші ұшы барын ұмытпайық. Шал-кемпірдің тәрбиесін көргендер инабатты болады. Ақыл-ойы тез жетіледі. Өмір ерте

есейтеді. Үлгі-өнегені сіңіріп өседі. Ал бүгінде осы үрдіс сақталып, қазақы тәрбие берілсе игі еді.

Ұзын сөздің қысқасы біреу. Әрбір бала өз анасының құшағында өсуі шарт. Мейірім шапағатын сезініп, уыз тәрбиесін алуы аса маңызды деп білеміз.

P.S. Дүниеде ең қасиетті сөз болса, ол – ана. Қазақ жұртында бұған түрлі балама табылады. Шешей, шеше, ана, біздің ата-әжелерімізден сұрасақ «апа» деп атапты. Жалпы, ақжаулық таққан, қазақылықтан таймаған, қазақтың алтындай аналары бала-шағасымен бақытты ғұмыр кеше бергей!

● ТАЛБЕСІК

Хақ Тағала қалаған пендесіне ұл береді, қаласа қыз береді, кейбіреуге тіпті егізден перзент сүйгізіп, ұлдың да, қыздың да ата-анасы болу бақытын сыйлайды. Қазақ баланы ұл-қыз деп бөліп жармайды, бірақ әрқайсысының қоғамдағы өз орнын білуіне басымдық береді.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Отбасы құндылығы

Күні кеше әлеуметтік желіде әнші Қыдырәлі Болманов пен тағы бірнеше әкенің қыздарымен балабақшада валъс билеп жүрген видеосы тарады. Сүп-сүйкімді балдырғандардың әкесімен би билеп жүргені, еркелегені жүрекке жылу сыйлады. Сүйсініп тұрып, әкесі жоқ қыздардың көңілін ойлап қынжылып та қаласың. Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда қанша бала әкесіз өсіп жатыр. Әрине, толық отбасында өсіп келе жатқан балалар топтағы әкесіз балалар үшін қуану мүмкіндігінен шектелмегені дұрыс. Бірақ балабақшада, мектепте болсын, толық емес отбасында өсіп келе жатқан қаншама баланың көкейінде «басқаларда әке бар, неге менде жоқ» деген сұрақтың туындайтыны рас.

Оқушы кезімізде бастауыш сыныптағы мұғалімдеріміз «Әкелер сайысы», «Шаңырақ сайысы» деген секілді іс-шараларды өткізіп тұратын. Қазір өзіміз ата-ана болып, бала тәрбиелеп отырмыз. Кейде ата-анамызбен дастархан басына жинала қалсақ, сол бір жылы естеліктерді жиі еске аламыз. Бала кезімізде жанымыздағы балалардың әкесі, анасы бар ма, біздің ата-анамызға еркелегеніміз жанымыздағы досымызға қалай әсер етеді дегенді ойламаған екенбіз.

Балабақшадағы тәрбиешілер, ұстаздар балаларға отбасы құндылығын түсіндіріп, ата-ана мен бала арасындағы нәзік байланысты нығайта түсуге, балалық шақтан әдемі естеліктердің қалуына ықпал еткісі келетіні түсінікті. Бірақ ұстаз қауымы топтағы немесе сыныптағы толық емес отбасында өсіп жатқан балалар бар екенін де естен шығармаса екен...

АНА – ӨНЕГЕ, ӘКЕ – ҚОРҒАН



Кішкентай қуаныш

Бірде қызымның балабақшадағы 8 наурызға арналған ертеңгілігіне кешігіп келдім. Жұмыстан сүрініп-жығылып бақшаға жетсем, мерекелік іс-шара басталып кетіпті. Менің қызымның тақпақ айтатын кезегі өтіп кеткен екен. Соңында балалар аналарына өз сыйлығын табыстар кезде зорға дегенде залға кіріп үлгердім. Сол кездегі қызымның мені көріп, қуанғанын көргендегі сезімдімізді айтып жеткізе алмаймын.

Ал аналары келе алмаған балалар қолындағы сыйлықты кімге берерін білмей бұртиып тұрғанын көргенде, еріксіз жүрегім шым ете қалды. Осындайда дүние күйіп кетсе де, баланың қуанышын бөлісуден артық маңызды ештеңе жоқ екеніне көзің жете түседі екен.

Әдетте, біз балаларға жақсы тәрбие беруіміз керек деп ауызша айтқанымызбен, сөзіміз бен әрекетіміз бір жерден шықпай жатады. Кейде осылай уақытымыздың тығыздығын немесе жұмысбастылығымызды сылтауратып баламыздың көңіліне көлеңке түсіріп алып жатамыз. Сондықтан баладан жауапкершілік талап ету үшін алдымен өзіміздің жауапты болуымыз маңызды екенін естен шығармасақ екен.

Жүректі жылытты

Ер-азаматтар дүниеге ұл келуін асыға күтетіні рас. Бірақ шаңыраққа қыз баланың келуі әкені ерекше бақытқа бөлейді, жүрегін жібітеді. Байқап отырсақ, қыздары көп әкенің жүзі жылы келеді.

Құрбымның тұңғышы қыз болды. Осы баладан соң ұзақ жыл құрсақ көтере алмады. Дәрігерлер баланың болмауы құрбымның денсаулығына байланысты екенін айтыпты. Бірде ол жолдасына: «Мен саған ұл бала сыйлай алмадым, басқа адаммен бас құрап, тағы ұрпақ сүйем десен, басыңды босатайын», – деген екен. Сонда жолдасы: «Сонда менің қызым бала емес пе? Неге мен қызымды тастап, ұлды болу үшін басқаға кетуім керек екен», – дейді. «Жолдасымның осы бір сөзі жүрегімді жылытты, барымды бағалауға үйретті» деген еді құрбым. Бұл отбасы тұңғыш қызынан кейін араға 13 жыл салып ұлды болды. Алла ниетке қарай беретіні рас. Кейбір ер адамдар ұлды да, қызды да сыйлаған жарларын тастап, нәпсінің жетегінде кеткеніне қынжыласын.

Қазақ халқы қыз бала дүниеге келгеннен бастап-ақ оның жат жұрттық екенін, қонақ екенін, шаңырақтың қимасы екенін білдіріп, ерекше күтіммен өсіреді. Психологтардың айтуынша, қызға жақсы тәрбие беру үшін әке ең алдымен жұбайына деген махаббатын паш етіп отыруы керек. Ата-ананың арасындағы мөлдір сезімді көріп өскен қыз бала болашақта тұрмысқа шығудың керемет екенін сезініп өседі. Қыз баланың тұрмысқа шыққанға дейігі сырласы, тірегі әкесі болғанда қыз баланың жарымен қарым-қатынасы да түзу болмақ. Әкесіне еркелеп өскен қыздан күйеуінің жүрегін жаулайтын келіншек шығады. Әкесі жұмыстан келгенде еркелеп, мойнына асыла алатын, қылығын көрсете алатын қыз баланың отбасылық өмірде бағы ашылады дегенге әбден келісуге болады.

Бүгінде көбінесе әкелер «қызың не істеп жүр, қызыңа ие бол» деп бар жауапкершілікті әйелдің мойнына артады. Бірақ ата-бабаларымыздың қыз тәрбиесіндегі өсиеттеріне қарап отырсақ, үйдегі қыздың абыройлы болуы сол үйдегі әкеге, аға-бауырға тікелей байланысты екеніне көзіміз жете түседі. Әрине, шеше – қызға үлгі, бірақ үйдегі ер адамдар қыздың қорғаны.



Асыл аналардың еңбегі қандай құрметке де лайық. Кез келген істе әйелдердің кәсіби біліктілігі пен жауапкершілігі айқын аңғарылады. Олар барлық ортада үндестік пен үйлесімді, өзара түсіністік пен татулықты нығайтуға ұйытқы болады. Біздің еліміз саяси өзгерістер мен жүйелі жаңғыру кезеңіне қадам басты. Осы орайда, әйелдер қауымының жасампаздық қасиеті мен күш-қуаты Жаңа Қазақстанның ілгерілеуіне септігін тигізеді деп сенемін.

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ПРЕЗИДЕНТТИҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- Халқымыздың «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген нақыл сөзінің терең мән-маңызы бар.
- Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы.
- Ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласты.
- Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдердің есімдері тарих жылнамасына мәңгілікке жазылып, жадымызда жатталады.
- Өскелең ұрпаққа өнегелі тәлім-тәрбие беру ісінде әйелдер айрықша рөл атқарады.
- Еліміз әйелдердің әлеуетін толық танытуына жол ашып, олардың құқығын қорғауға және тұрмыс жағдайын жақсартуға баса мән береді.
- Мемлекеттің жүйелі қолдау көрсетуінің арқасында қыз-келіншектердің экономикадағы, саясат пен қоғамдық қызметтегі ролі жыл өткен сайын арта түсуде.
- Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды.
- Отбасы институтын, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы.
- Қазақстанда әйелдерге барлық жағдай жасалған. Олар білім беру мен денсаулық сақтау, мәдениет пен спорт, өндіріс пен құқық қорғау және басқа да салаларда табысты еңбек етуде.
- Қазақстан әйелдерінің ақыл-парасаты, ерік-жігері мен жасампаздығы барлық қиындықты еңсеріп, сын-қатерлерге төтеп беруімізге септігін тигізуде.

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!

МЕРЕКЕ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Наурызбай ауданының №206 мектеп-гимназиясында Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған концерт өтті. Мерекелік іс-шараны Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты ұйымдастырды.



Досбол
АТАЖАН

Мерекеге келген Наурызбай ауданының жылы жүзді апа-аналарын, құлпырған аруларын мектеп оқушылары салған «Қазақ тарихындағы әйелдер» тақырыбындағы суреттер көрмесі қарсы алды.

Жас кышқалам шеберлері Томирис, Мәншүк пен Әлия сынды қазақтың қаһарман

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

қыздарын ақ паракқа бейнелеп, көрмеге қойған. 8 наурызға арналған мерекелік концерт үлкен отбасының ұйытқысы болып отырған аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» марапаттарын табыстаудан басталды. Жалпы, аудан бойынша 4 ана «Алтын алқамен» және 16 ана «Күміс алқамен» марапатталды. Оған қоса, Наурызбай ауданы әкімінің атынан адал еңбек еткен аудан қызметкерлеріне Құрмет грамотасы (4) мен Алғыс хаттар (6) берілді. Сонымен қатар, Алматы қаласы бойынша ұйымдастырылған «Супер келін» сайысында Наурызбай ауданы келіндерінің намысын қорғап, бас жүлдеге ие болған №174 мектеп-гимназиясының ұстазы Жазира Тастанқұлова аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Аталмыш марапаттарды табыстаған Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас

Нысаналиев барша әйелдер қауымын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

«Бір қолымен бесікті тербеткен, бір қолымен әлемді тербеткен аналарымыз тек ауданда ғана емес, қала көлемінде, Республика бойынша өз еңбектерін сіңіріп жатыр. Бүгінгі күні біздің ауданда 2,5 мыңнан астам әйел денсаулық сақтау саласында, 3 мың әйел білім саласында қызмет етеді және 6 мыңнан астам әйел жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Аяулы аналарымызды 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!», – деді Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары М.Нысаналиев.

Тиісті марапаттар берілгеннен кейін сахнада Нұржан Қалжан, Сейфуллин Жолбарыс, «Серілер» тобы, Кентал сынды танымал эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

КӨРМЕ

КӨКТЕМ ШҰҒЫЛАСЫ

Халықаралық әйелдер күніне орай Алматы музейінде «Көктем-көңіл!» атты көрме өтті.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Қай ғасырда болса да, қазақ әйелдері ерлермен қатар жүрген. Елінің, жерінің қамын ойлаған. Көрме нәзіктікті, сұлулықты әйел адамның бейнесін әртүрлі техникалар арқылы айшықтауға тырысқан. Біздің мақсатымыз – Қазақстандағы әйел адамдардың қоғамдағы ролін көрсету. Біздің түсінігіміз-

де көктем мен әйел бейнесі қатар жүреді. Көктем – табиғаттың оянатын мезгілі. Көктемнің өз үні мен әуені бар, айналаның бәрі сол әуезден оянып, гүлденіп, жаңарады. Біздің суретшілеріміз осы бір әдемілікті ерекше айшықтаған. Көрмеге келген әрбір адам қазақ қыздарының бейнесімен таныс болады», – деді Qazaq-Oner Ұлттық Қауымдастығының президенті Айгүл Жансерікова. Бұл көрме ҚР Президенті жанындағы

әйелдер ісі және отбасы-демографиялық комиссиясымен, Qazaq-Oner ұлттық қауымдастығымен және «Таң Шолпан» халықаралық тәуелсіз суретшілер қорының қатысуымен ұйымдастырылды.

Көрмеде суретшілердің картиналары, зергерлік бұйымдар, сәукеле және әйелдердің заманауи бас киімдері, жібек пен киізден тігілген шапандар, ұлттық киімдер, қазақи қуыршақтар, Алматы қаласының символдары – апорт алмалары мен қызғалдақтар қойылды. Композициялар мен көркем идеяларда заманауи өнердің әртүрлі стильдері мен бағыттары көрсетілген. Суретшілер мен колөнершілердің туындыларында автордың интуициясы, үйлесімділігі, гармониясы мен жеке стилі байқалады.

Көрме аясында «Қазіргі қоғамдағы әйелдердің ролі» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Қазіргі заманауи қазақ қыздары өздерінің ұлттық ерекшеліктерін көрсетті.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҒҰЛЫ.



8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қазақ даласына көктем келді. Гүл-көктеммен бірге әйел-аналар мерекесі де келіп жетті. Бұл – ерлердің әжесін, анасын, келіншегін, әпке-қарындасын, жеңгесін, келінін, қызын, әріптестерін құттықтап, олардың құшағын гүлге толтыратын күн. Ал біз бүгін көктем нұрымен ұштасқан әдемі мереке қарсаңында әскери қызметте жүрген қыз-келіншектер туралы айтамыз.

Кейбіреулер әскери сала қыз балаға қол емес деп жатады. Ол да әскери ортадағы ерекше талаптарға, кейде әйел тұрмақ, еркектің де шыдас бермес қиындығынан айтылған сөз шығар, бәлкім. Иә, әскери қызмет – ауыр жол, салмақты міндет. Оның ыстық-суығына күйіп, темірдей тәртіпке көніп, отбасы мен қызметті қоса алып жүру айтқанға ғана жеңіл. Сондықтан да осы салада жүрген замандастарымызға ерекше ілтипатпен қарайтынымыз да шындық.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ӘСКЕР ЖӘНЕ ӘЙЕЛ

немесе нәзік те өршіл погонды қыз-келіншектер туралы бірер сөз



Әсия
ҚАЛИЕВА –
подполковник,
«Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылығы
кадр бөлімінің
офицері:

Үш баланың анасы. Құқық қорғау саласында сонау 1999 жылдан еңбек етеді. Қазір «Әр қызметтің өз кыр-сыры, ерекшелігі болады ғой. Әскери қызмет – аса жауапты жүк арқалаған сала. Мұнда «сен әйелсің, сен еркексің» деп бөлмейді. Бәрі қару ұстаған Отан қорғаушылар. Сондықтан да бәріне дайын болуың керек. Қару ату, жекпе-жек ұрыс тәсілдері, жедел шешім қабылдау, ең аяғы ішкі түйсігіңді суыққанды басқарып, батыл жүректі болу керек деген сияқты қасиеттің бәрі бір бойында болуға тиіс. Адам бәрін туа сала үйренбейді. Ептеп-ептеп, ынта, тілегімен бойына дарытады. Сондықтан да ең бастысы, бұл салаға да ең басты керегі – ынта-ықылас», – дейді погонды подполковник.



Бахира
ӘДІЛБЕКОВА –
Ұлттық ұланның
«Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылығында
қызмет атқарып
жүрген капитан:

Осы саладағы еңбегі 24 жылға жуықтаған. Кезінде Алматы қаласының ПМ академиясын тәмамдаған ару «өміріңіздің әскери салаға бұрылып, осылай тағдыр үкімінің бұйырғанына қалай қарайсыз, өкініш-өкпеніз жоқ па?» деген сауалымызға бірден «жок» деп жауап берді. «Адамға жас күнінде өмір жолы ұзақтай көрінері рас. Бірақ ғұмырының орта жолына жеткенде оның олай емес екенін еріксіз аңғарып, «қамшының сабындай болған жалғанның» шындық екенін оймен пайымдайсың. Осы уақытқа дейінгі өмірім де көзді ашып-жұмғандай өте шығыпты. Саналы өмірімді әскери қызметке арнағанымды тағдырдың маған ең әуелгі берген сыйы деп білемін. Иә, алғаш әскери салаға келуге жүрексінгенім рас. Кейін келе-келе барлығына үйрендім. Саптық дайындыққа да, тапаншадан, автоматтан оқ атуға да. Ең бастысы, қызметім тәртіпке, тәртіпті әулиедей сыйлауға үйретті. Әскери адам қашан да жинақы жүріп, епті де жылдам қимылдайды ғой. Бұл да маған қызметтен енген қасиет болды», – дейді ол.



Баян
МОЛДАБАЕВА –
«Оңтүстік» өңірлік
қолбасшылықтың
қаржы бөлімінің аға
офицері, майор:


Мына заманда барлық мәселе де қаржы-қаражаттың игерілуіне, төлемдердің уақытылы атқарылуына тірелетінін ескерсек, онда есепші қыздардың да жұмысы қат-қабат. Онымен қоса, есеп-қисап қана емес, табиғаты нәзік болса да, жауынгерлік дайындықтары да жоғары болуы керек. Әскери тәртіп соны талап етеді. «Қыз бала болсам да, жас кезімнен өршіл болдым. Содан болар, есейгенде әскери қызметке есім кетіп, арманыма айналды. Іште ойлағаның не болса, өмірде жүзеге асады деп жатады ғой, ақыры әскери салаға келдім. Қазір, міне, 22 жыл Отан деп, ел деп қызмет етіп жатқан жайым бар. Абай атамыз айтпақшы, дүниенің бір бөлшегіне кірпіш болып қаланып, егемен елдің еңсесін биіктетуге қызмет атқарудан артық мәртебе жоқ», – дейді.



Гүлжан
БАЙМҰХАНОВА –
5571 әскери
бөліміндегі қаржы
қызметінің офицері,
сержант:

Үш баланың анасы. Ол да қызметіне берік жан. Отағасы да әскери қызметте, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының сержанты лауазымындағы прапорщик Ермек Баймұханов екеуі қызметте де, үйде де жұбы жазылмаған жарасты отбасы. Бірі білгенін екіншісіне үйретіп, бірін-бірі толықтырып, әскери қызметке, шынын айтқанда отбасы болып шыңдалып, қызметтің ыстық-суығын тең өт-

керіп келе жатқан жайы бар. «Қазақ қыздары намыстан жаралған. Қай тарихты алып қарасаңыз да солай. Олар басқа елдің күңі болып кетпеген, ары мен намысын жоғары қойып, ерінің, елінің амандығын тілеген. Ал Қызай ана, Домалақ ана сияқты бір әулетке ғана емес, дүйім елге ұран болған аналарымыз жетерлік. Отбасы тәрбиесі дегенде әйелдердің қай кезде де орны ерекше», – дейді Гүлжан. Отан мен отбасының ошағын қатар жылытқан аяулы жан!



Жанат
КҮЛБАЕВА –
кіші сержант,
әскери мамандардың
денсаулығын қадағалайды, ал ең үлкен
мәртебесі –
6 баланың анасы:

«Біздің отбасымыз ақ халатты абзал жан-дар мен Отан қорғаушылардан тұрады. Үлкен ағаларым – Жамбыл мен Жандос Ұлттық ұланның жауынгерлерін тәрбиелеп, олардың кәсіби, білікті әскери қызметші болуына өз үлестерін қосып келе жатқан озат офицерлердің қатарында болса, анам – Шарипа, әпкем Жанар мен інім Жомарт медицина саласының майталмандары. Ата-анамыз бәріміздің жоғары білім алып, кәсіби маман иесі болуымызға жол ашты», – дейді Алматының жоғары оқу орнын бітірген Жанат.

Әскери салада жүргеніне 15 жылдан аса уақыт өтіпті. Әскери тәртіпке де бағынып, отбасы жылуын да сақтап отырған ақ халатты абзал Жанат қолы қалт еткенде тігіншілікпен айналысады.

«Бірде қалалық емханаға әскери бөлімнің санитарлық көлігімен сегіз сарбазды дәрігерлік кеңестен өткізуге алып бара жатқаным, жарты жолда көлігіміз бұзылып қалды. Жүргізушіміз де шарасыз күйде қалды. Сонда қаланың қақ ортасында қалып қойған жерімізден жарым Аманжол көлігімен дереу жетіп, жауапкершілігі, амандығы маған артылған сарбаздарымды қажет жеріне апарып салған болатын», – дейді Жанат Жамалқызы отағасының әрдайым қолдау көрсетіп отыратынын, оған әманда риза екенін білдіріп.

● МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!

ҚР Ұлттық ұланының Алматыда орналасқан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында еңбек етіп жүрген аяулы арулар, қайсар қыздар, мереке құтты болсын!



АЛ, КӘНЕ, ҚЫЗДАР!

НӘЗІК ЖАНДЫЛАР САЙЫСАДЫ

Нәзік жандыларымыз өзара сайысқа түседі. Бұл спорттың халықаралық атауы – конкурс. Осы жарыстан оза шапқандар жүлде иеленеді. Сонымен қатар, үздіктер қатарына енеді.

Елімізде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамына орай байрақты бәсеке өткелі тұр. Елішілік додаға әр өңірдің шабандоз қыздары іріктелген. Олар сәйгүлікке мініп, сайыстың көркін қыздырады.

Өңірлерден келген мықтылар тізімі белгілі болды. Дәлірек айтқанда, Астана, Қарағанды, Алматы, Ақмола облыстарының үздіктері өзара жүйрікті анықтайды. Бұл жолы шабандоздар елордада бас қосады.

Байрақты бәсеке Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлерінің федерациясы және бас шаһардың әкімдігінің ұйымдастыруымен өкізіледі.

Аталған байқауға қатысушылар биіктігі мен күрделілігі бойынша 4 бағытта жарысады.

Бірінші санат – «Әуесқойлар санаты, 105 см»;

Екінші санат – «Балалар санаты 12–15 жас, 110 см»;

Үшінші санат – «Ашық сынып санаты, 120 см»;



Төртінші санат – «Екі кезеңнен тұратын ашық санаты, 120 см».

Аталмыш жарысқа атқа мығым отыратын, тақымы берік, дәлдік пен нысананы есептей алатын жастар қатысады. Тігілген қаражат та қомақты. Жалпы, жүлде қоры 6 000 000 теңге. Демек, көптен озған спортшы осы көлемді қаражатты иеленбек.

ШАҒҒЫ

ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ БЕКІТІЛДІ

Планицада (Словения) шаңғы жарысынан Әлем чемпионаты жалғасуда. 2 наурызда әйелдер эстафетасы өтті.

Ұлттық Олимпиадалық дерекке сүйенсек, тізімге мықтылар сұрыпталғаны байқалады. Оның ішінде бұған дейін бірнеше дүркін сайыстарда ел намысын жанып жүргендер жетерлік. Алдағы сайыс оңайға соқпайды. АҚШ, Канада спортшыларына дес бермеу қажет. Өйткені, оларда қысқы спорт дамыған. Бізден әлдеқайда рейтинг бойынша оқ бойы озық тұр. Осындай артықшылықтарды есепке алғанда, босаңсуға еш негіз көрмейміз.

Біздің командаға ең үздіктер енді. Олар елдің абыройын көкке көтереді деп сенеміз. Тізім төмендегідей.

- Айша Ракишева;
- Ксения Шалыгина;
- Надежда Степашкина;
- Дарья Рязко.

Әр қатысушы 5 шақырымды еңсеруі керек. Сөйтіп, диттеген межені еңсеруі шарт. Осы аталған ережелерді сақтап, алға өрлей білсе, жеңістің ауылы алыс емес деп ойлаймыз.



ВЕЛОЖАРЫС

28 ақпан мен 1 наурыз аралығында Индонезияның Джакарта қаласында Азия велоспорт конфедерациясының (АСС) конгресі және Қазақстан федерациясының велосипед спортының президенті Нұрлан Смағұлов мүше болып табылатын АСС басқарушы комитетінің отырысы өтті.

Конгреске Азия елдерінің ұлттық федерацияларының басшылары ғана емес, сонымен қатар Халықаралық велосипедшілер одағының (UCI) топ-менеджерлері, соның ішінде UCI президенті Давид Лаппартъен, ҚФВС мүдделерін қорғайтын бас хатшы Асем Кунакбаева да қатысты.

Конгресс қатысушылары арасында талқылаудың негізгі тақырыбы құрлықта велоспортты дамыту және Азия елдерінде UCI спутниктік орталықтарын енгізу мәселелері болды, ал жақын арада АСС жоспарлаған жаңалықтардың бірі виртуалды велоспорттан Азиядағы алғашқы чемпионатты өткізу болады. Іс-шараның соңғы бөлігінде Конфедерация велосипед тізбегімен жалғанған екі дөңгелекке пішіні бойынша сілтеме жасай отырып, жаңа алтын түсті логотип ұсынылды.

Сондай-ақ, конгресс аясында 2022 жылы Азия чемпионаттарында медальдардың ең көп санын жеңіп алған Қазақстан құрамасының жетістіктері атап өтілді.

ЖҮЛДЕЛІ СӘТ



Конфедерация өкілдері Евгений Федоровтың андерлер арасындағы тас жолдағы топтық жарыста әлем чемпионатындағы жеңісі үшін ҚФВС ерекше алғыс білдірді. Сонымен қатар, азиялық велосипед қауымдастығы Нұрлан Смағұловтың ҚФВС Президенті ретіндегі жұмысын жоғары бағалады және континенттегі велоспортты дамытуға қосқан үлесі үшін марапатты табыс етті.

ТЕННИС

Астанада Beeline Arena Ұлттық теннис орталығында ITF World Tennis Tour BeeTV 40 Women's сериясының турнирінде жұптық разрядта жартылай финалистер анықталды.

ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДА...

Жарыстың алғашқы дуэті – қазақстандық Анна Данилина мен Ирина Шиманович (Беларусь) – 1/4 финалда екі сетте Тайландтан келген Луксика Кумхум/Пеангтарн Плипукті 6:2, 6:1 есебімен ойсырата жеңді. Қазақстан–Беларусь дуэті финалға жолдаманы Нидерландыдан келген жұп Ясмин Гимбрере/Бибиана Схоофспен таласады. Бұл туралы Ұлттық Олимпиадалық комитет мәлімдеді.

Гозал Айнитдинова жеке және жұптық разрядта өнер көрсетуді аяқтады. Жекеде қазақстандық француз Хлоя Пакеге (170 WTA) жеңіліп қалды) – 6:7 (3:7), 0:6, ал жұптық ойында Айнитдиновтың ресейлік Екатерина Маклаковамен дуэтке ресейлік Виктория Дьяченко/Анастасия Тихоновадан жеңіліп қалды – 6:7 (5:7), 3:6.

Ойын күнін Жибек Қуламбаева жапты, ол польшалық Мартына Кубкамен дуэтке қызықты матчта турнирдің екінші жұбы Кореядан келген Хан Лэ Хань / Су Джон Чаннан жеңіліп қалды – 3:6, 6:4, 3:10.

UFS

ШАВКАТ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Қазақстандық Шавкат Рахмонов (16-0) Лас-Вегаста (АҚШ) өткен UFC 285 аралас жекпе-жек бәсекесінде жеңіске жетті. Ол американдық белгілі файтер Джефф Нилмен (15-4) шеберлік байқасты. Нәтижесінде үшінші раундта оны тұншықтыру әдісімен жеңіп кетті.

Айта кетсек, жекпе-жек алдында Джефф Нил UFC орта салмақтағы рейтингінде Шавкат Рахмоновтан алда тұрды. Рейтинге американдық спортшы жетінші орынға жайғасса, қазақстандық оныншы орынға тұрақтаған еді. Осылайша Шавкат Рахмонов кәсіпқой мансабындағы он жетінші жеңісіне қол жеткізді. Өзірге ешқандай жеңілістің ащы дәмін татқан жоқ. Ал Джефф Нил бесінші мәрте қарсыластарына есе жіберді.

Алдын ала мәлім болғандай, Ш.Рахмоновтың қарсыласының салмағы шекті межеден асып кеткен. Атап айтқанда, таразыға тұрған отандасымыздың салмағы 77,56 келі, ал америкалықтың салмағы 79,37 келі болды. Осыған қарамастан Шавкат Рахмонов пен Джефф Нил жекпе-жегі салмақ айырмашылығына қарамастан өтті.

ГИМНАСТИКА

ЖЕҢІМПАЗ

Қазақ спортшысы Нариман Курбанов Катар елінің Дохада шаһарында өткен гимнастикадан әлем кубогы кезеңінде алтын медаль жеңіп алды.

Olympic.kz дерегінше, гимнастикалық ат жаттығулардың финалында Курбанов 15.400 ұпай жинады. Бұл нәтиже оған ӘКК-нің алтын медальмен аяқтауға мүмкіндік берді.

Екінші орынды Ирландиядан келген Рис МакЛенаган иеленді – 15.033. Тайбэйдің спортшысы үздік үштігін Шао Ю Ян жапты – 14.833. Қазақстандық Ильяс Азизов алтыншы нәтижені көрсетті (14.100).

Немістің Котбусында ӘКК-де Нариман үшінші болды. Біздің спортшы көптен айрықша көзге түсті. Ел қоржыны алтын жүлдемен толықты.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



Алматы қаласы сайлаушыларын 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын кезектен тыс сайлауының дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар ету

Сайлау күні: 2023 жылғы 19 наурыз

Дауыс беру уақыты: егер сайлау учаскесінде қосымша жарияланған тізімге сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында белгіленген тәртіппен дауыс беру уақыты өзгертілмеген болса, сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін өтеді. Аталған сайлау учаскелерінің тізімі қосымша жарияланады.

Алатау	1	№14 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Усть-Каменогорская к-сі, 1
Алатау	2	№114 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Таджикская к-сі, 5Б
Алатау	3	№114 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Таджикская к-сі, 5Б
Алатау	4	№91 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Докучаев к-сі, 31А
Алатау	5	№91 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Докучаев к-сі, 31А
Алатау	6	№82 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Ахрименко к-сі, 4
Алатау	7	№149 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Әйгерім-1 ш.а., Бенберин к-сі, 52
Алатау	8	№41 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Самғау ш.а., Көкөрай к-сі, 66
Алатау	9	№149 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Әйгерім-1 ш.а., Бенберин к-сі, 52
Алатау	11	№154 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Ақбұлақ ш.а., Шәріпов к-сі, 38
Алатау	12	№156 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Өжет ш.а., Өуезов к-сі, 48
Алатау	13	№156 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Өжет ш.а., Өуезов к-сі, 48
Алатау	14	№205 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Томирис ш.а., Центральная к-сі, 120
Алатау	15	№150 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шапағат ш.а., Биянху к-сі, 87
Алатау	16	№151 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шапағат ш.а., Новая Садовая к-сі, 100А
Алатау	17	№164 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Қарасу ш.а., Заводская к-сі, 98
Алатау	18	№160 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Қарасу ш.а., Заводская к-сі, 96
Алатау	19	№179 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Қарасу ш.а., Шаяхметов к-сі, 17/8
Алатау	20	№26 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шаңырақ-2 ш.а., Жанқожа батыр к-сі, 134
Алатау	21	№169 мектеп-лицейінің ғимараты	Шаңырақ-1 ш.а., Өтемісұлы к-сі, 109
Алатау	23	№152 мектеп-гимназияның ғимараты	Ұлжан-1 ш.а., Жалайыр к-сі, 48
Алатау	24	№25 қалалық емханасының ғимараты	Дархан ш.а., Алтай к-сі, 24/1
Алатау	25	№151 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шапағат ш.а., Новая Садовая к-сі, 100А
Алатау	26	№3 коммуналдық автопаркінің ғимараты	Калининградская к-сі, 45
Алатау	27	№154 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Ақбұлақ ш.а., Шәріпов к-сі, 38
Алатау	28	№182 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Зерделі ш.а., 1/65
Алатау	29	№204 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 3
Алатау	30	№169 мектеп-лицейінің ғимараты	Шаңырақ-1 ш.а., Өтемісұлы к-сі, 109
Алатау	31	№41 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Самғау ш.а., Көкөрай к-сі, 14
Алатау	32	№171 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Әйгерім-1 ш.а., Бенберин к-сі, 52/1
Алатау	33	№26 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шаңырақ-2 ш.а., Жанқожа батыр к-сі, 134
Алатау	34	№22 қалалық емханасының ғимараты	Шаңырақ-2 ш.а., Жанқожа батыр к-сі, 193А
Алатау	35	№156 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Өжет ш.а., Өуезов к-сі, 48
Алатау	36	№181 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Аккент ш.а., 19
Алатау	37	№178 мамандырылған лицейінің ғимараты	Ақбұлақ ш.а., Суаткөл к-сі, 41
Алатау	482	Алматы қаласы Шаңырақ ш/а Республикалық мамандандырылған мектеп-интернаты олимпиадалық резерв колледжінің ғимараты	Шаңырақ-1 ш.а., Өтемісұлы к-сі, 71
Алатау	483	№23 қалалық емханасының ғимараты	Ұлжан-1 ш.а., Жалайыр к-сі, 34
Алатау	484	Алматы қаласы мемлекеттік архивінің ғимараты	Ақбұлақ ш.а., Шуланов к-сі, 159
Алатау	485	№185 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Алғабас ш.а., Алдияр к-сі, 16
Алатау	486	№184 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Теректі ш.а., Ақтілек к-сі, 10
Алатау	487	№196 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Мәдениет ш.а., Сүлейменов к-сі, 15
Алатау	488	№39 мектеп-гимназияның ғимараты	Боралдай ш.а., Саттарова к-сі, 56
Алатау	524	№149 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Әйгерім-1 ш.а., Бенберин к-сі, 52
Алатау	525	№171 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Әйгерім-1 ш.а., Бенберин к-сі, 52/1
Алатау	526	№184 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Теректі ш.а., Ақтілек к-сі, 10
Алатау	527	№185 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Алғабас ш.а., Алдияр к-сі, 16
Алатау	528	№185 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Алғабас ш.а., Алдияр к-сі, 16
Алатау	529	Алматы қаласы мемлекеттік архивінің ғимараты	Ақбұлақ ш.а., Шуланов к-сі, 159
Алатау	530	№182 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Зерделі ш.а., 1/65
Алатау	531	№181 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Аккент ш.а., 19
Алатау	532	№179 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Қарасу ш.а., Шаяхметов к-сі, 17/8
Алатау	533	№180 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 7
Алатау	534	№26 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шаңырақ-2 ш.а., Жанқожа батыр к-сі, 134
Алатау	535	№150 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Шапағат ш.а., Биянху к-сі, 87
Алатау	545	«Алатау» театрының ғимараты	Нұркент ш.а., 6
Алатау	546	№29 қалалық емханасының ғимараты	Зерделі ш.а., 371/3
Алатау	547	№210 мектеп-лицейінің ғимараты	Дархан ш.а., Алтай к-сі, 4
Алатау	548	№41 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Самғау ш.а., Көкөрай к-сі, 66
Алатау	549	№156 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Өжет ш.а., Өуезов к-сі, 48
Алатау	550	№180 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 7
Алатау	569	№201 мектеп-гимназияның ғимараты	Нұркент ш.а., 12
Алатау	570	№201 мектеп-гимназияның ғимараты	Нұркент ш.а., 12
Алатау	571	№180 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 7
Алатау	572	№178 мамандырылған лицейінің ғимараты	Ақбұлақ ш.а., Суаткөл к-сі, 41
Алатау	573	№185 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Алғабас ш.а., Алдияр к-сі, 16
Алатау	574	№182 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Зерделі ш.а., 1/65
Алатау	587	№180 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 7
Алатау	588	№182 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Зерделі ш.а., 1/65
Алатау	589	№39 мектеп-гимназияның ғимараты	Боралдай ш.а., Саттарова к-сі, 56
Алатау	590	№182 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Зерделі ш.а., 1/65
Алатау	611	№179 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Қарасу ш.а., Шаяхметов к-сі, 17/8
Алатау	612	№152 мектеп-гимназияның ғимараты	Ұлжан-1 ш.а., Жалайыр к-сі, 48
Алатау	613	№205 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Томирис ш.а., Центральная к-сі, 120
Алатау	614	№169 мектеп-лицейінің ғимараты	Шаңырақ-1 ш.а., Өтемісұлы к-сі, 109
Алатау	615	№204 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 3
Алатау	616	№204 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Саялы ш.а., Аққайнар к-сі, 3
Алатау	617	№209 мектеп-гимназияның ғимараты	Ботакөз ш.а., 2
Алатау	618	№201 мектеп-гимназияның ғимараты	Нұркент ш.а., 12
Алатау	619	№184 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Теректі ш.а., Ақтілек к-сі, 10
Алатау	620	№185 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Алғабас ш.а., Алдияр к-сі, 16
Алатау	621	№196 жалпы білім беру мектебінің ғимараты	Мәдениет ш.а., Сүлейменов к-сі, 15

Алмалы	38	«Қонаев атындағы Тау-кен істері институты ҚР ИСМ «ҚР МШҚҚО ҰО» РМКБ ғимараты	Абай д-лы, 191
Алмалы	39	«Ш.Құдайбердіұлы атындағы №75 жалпы білім беру мектебі» КММ ғимараты	Түркебаев к-сі, 176
Алмалы	40	№2 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі» МКҚК ғимараты	Брусилковский к-сі, 134 А/1
Алмалы	41	«Ш.Құдайбердіұлы атындағы №75 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Түркебаев к-сі, 176
Алмалы	42	«№96 жалпы білім беру мектебі» КММ ғимараты	Тілендиев к-сі, 35
Алмалы	43	«№34 гимназия» КММ ғимараты	Брусилковский к-сі, 15
Алмалы	44	«№96 жалпы білім беру мектебі» КММ ғимараты	Тілендиев к-сі, 35
Алмалы	45	«№34 гимназия» КММ ғимараты	Брусилковский к-сі, 15
Алмалы	46	«№167 жалпы беретін мектеп» КММ ғимараты	Тұрғыт Озал к-сі, 45
Алмалы	47	«№58 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Тұрғыт Озал к-сі, 30
Алмалы	48	«Өнер мектебі» КММ ғимараты	Тілендиев к-сі, 35
Алмалы	49	«Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназия» КММ ғимараты	Түркебаев к-сі, 4
Алмалы	50	«№58 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Тұрғыт Озал к-сі, 30
Алмалы	51	«Алатау жарық компаниясы» акционерлік қоғамының ғимараты	Розыбакиев к-сі, 6
Алмалы	52	«№67 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Розыбакиев к-сі, 31 В
Алмалы	53	«№67 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Розыбакиев к-сі, 31 В
Алмалы	54	«Алматы полиграфиялық колледжі» МКҚК ғимараты	Шевченко к-сі, 202
Алмалы	55	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» акционерлік қоғамының №3 жатақханасының ғимараты	Құрманғазы к-сі, 150
Алмалы	56	«А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған қазақ орта мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» РММ ғимараты	Өуезов к-сі, 66/5
Алмалы	57	«№135 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Жароков к-сі, 24
Алмалы	58	«№18 гимназия» КММ ғимараты	Радостовец к-сі, 38
Алмалы	59	«М.Өуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Жароков к-сі, 18
Алмалы	60	«№144 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Түркебаев к-сі, 93
Алмалы	61	«№79 гимназия» КММ ғимараты	Қарасай батыр к-сі, 205
Алмалы	62	«№18 гимназия» КММ ғимараты	Радостовец к-сі, 38
Алмалы	63	«№79 гимназия» КММ ғимараты	Қарасай батыр к-сі 205
Алмалы	64	«П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» РМҚК ғимараты	Манас к-сі, 13
Алмалы	65	«П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» РМҚК ғимараты	Манас к-сі, 13
Алмалы	66	«Каркен Ахметов атындағы спортқа бейім балаларға арналған республикалық мектеп-интернат» РМК ғимараты	Байзақов к-сі, 238
Алмалы	67	«М.Өуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Жароков к-сі, 18
Алмалы	68	Жәния Әубәкірованың авторлық мектебі ғимараты	Қарасай батыр к-сі, 140
Алмалы	69	«№124 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Бөгенбай батыр к-сі, 260
Алмалы	70	«№46 гимназиясы» КММ ғимараты	Қарасай батыр к-сі, 157
Алмалы	71	«№144 мектеп-гимназиясы» КММ ғимараты	Түркебаев к-сі, 93
Алмалы	72	«№55 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Өуезов к-сі, 36
Алмалы	73	«М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназия КММ ғимараты	Байзақов к-сі, 130
Алмалы	74	«№24 лицей» КММ ғимараты	Гоголь к-сі, 187
Алмалы	75	«Қазақ спорт және туризм академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғимараты	Абай д-лы, 85/105
Алмалы	79	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» акционерлік қоғамының ғимараты	Мұратбаев к-сі, 200
Алмалы	80	«С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының №8 жатақханасының ғимараты	Құрманғазы к-сі, 113 А
Алмалы	81	«№46 гимназиясы» КММ ғимараты	Қарасай батыр к-сі, 157
Алмалы	82	«№8 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Қабанбай батыр к-сі, 125/105 А
Алмалы	83	«Алматы көлік және коммуникациялар колледжі» МКҚК ғимараты	Жамбыл к-сі, 102
Алмалы	84	«Логистика және көлік академиясы» акционерлік қоғамының ғимараты	Шевченко к-сі, 97
Алмалы	85	«№8 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Қабанбай батыр к-сі, 125/105 А
Алмалы	86	«Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия» КММ ғимараты	Масаншы к-сі, 70
Алмалы	87	«М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Байзақов к-сі, 130
Алмалы	88	«Еуразиялық технологиялық университеті» ЖШС ғимараты	Төле би к-сі, 109
Алмалы	89	«№95 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Шәріпов к-сі, 53
Алмалы	90	«Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия» КММ ғимараты	Масаншы к-сі, 70
Алмалы	91	«Есенберлин атындағы №25 гимназия» КММ ғимараты	Қабанбай батыр к-сі, 128
Алмалы	93	«Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицей» КММ ғимараты	Төле би к-сі, 74/1
Алмалы	95	«№95 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Шәріпов к-сі, 53
Алмалы	101	«Алматы экономикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның ғимараты	Гоголь к-сі, 124
Алмалы	102	«Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ғимараты	Гоголь к-сі, 114
Алмалы	103	«Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Шәріпов к-сі, 23
Алмалы	104	«Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Шәріпов к-сі, 23
Алмалы	105	«Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ғимараты	Гоголь к-сі, 161
Алмалы	106	«№15 гимназия» КММ ғимараты	Гоголь к-сі, 133
Алмалы	108	«№15 гимназия» КММ ғимараты	Гоголь к-сі, 133
Алмалы	109	«Алматы сән және дизайн колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның ғимараты	Райымбек д-лы, 174
Алмалы	110	«М.Бегалин атындағы №120 гимназиясы» КММ ғимараты	Құрманғазы к-сі, 76
Алмалы	111	«Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің ғимараты	Панфилов к-сі, 127
Алмалы	113	«Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицей» КММ ғимараты	Төле би к-сі, 74/1
Алмалы	114	«И.В.Панфилов атындағы №54 Қазақстан–Ресей мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ ғимараты	Панфилов к-сі, 68/73
Алмалы	115	«Алматы туризм және қонақ жайлылық индустриялық колледжі» КММ ғимараты	Чайковский к-сі, 7
Алмалы	118	«№90 мамандандырылған мектеп-лицей» КММ ғимараты	Чайковский к-сі, 28/53
Алмалы	120	«Энергопром Қазақ ғылыми-зерттеу жобалау институты» ғимараты	Абылай хан д-лы, 58 А
Алмалы	121	«№90 мамандандырылған мектеп-лицей» КММ ғимараты	Чайковский к-сі, 28/53
Алмалы	122	«№147 гимназия» КММ ғимараты	Абылай хан д-лы, 20
Әуезов	123	«№72 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Сүлейменов к-сі, 16
Әуезов	124	«№72 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Сүлейменов к-сі, 16
Әуезов	125	«№139 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Черепанов к-сі, 14
Әуезов	126	«Narxoz университеті» КЕАҚ жатақханасының ғимараты	Тауғұл ш.а., 34
Әуезов	127	«№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі» МКҚК ғимараты	Тауғұл ш.а., Вильнюсская к-сі, 29
Әуезов	128	«Алматы қаржы-экономикалық колледжі» ЖШС ғимараты	Рысқұлбеков к-сі, 39-А



Әуезов	129	«№175 Жаңа Ғасыр гимназия» КММ ғимараты	Таугүл-3 ш.а., Шәймерденов к-сі, 21
Әуезов	130	«№139 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Черепанов к-сі, 14
Әуезов	131	«№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі» МКҚК ғимараты	Таугүл ш.а., Вильнюсская к-сі, 29
Әуезов	132	«Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» МКҚК ғимараты	Жандосов к-сі, 65
Әуезов	133	«№139 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Черепанов к-сі, 14
Әуезов	134	«№175 Жаңа Ғасыр гимназия» КММ ғимараты	Таугүл-3 ш.а., Шәймерденов к-сі, 21
Әуезов	137	«№5 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	9 ш.а., 16
Әуезов	138	«№5 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	9 ш.а., 16
Әуезов	139	«Алматы көпсалалы колледжі» МКҚК ғимараты	Жандосов к-сі, 63
Әуезов	140	«№1 мектеп-гимназиясы» КММ ғимараты	10 ш.а., 23 Г
Әуезов	141	«Narxoz университеті» КЕАҚ ғимараты	Жандосов к-сі, 55
Әуезов	142	«Narxoz университеті» КЕАҚ ғимараты	Жандосов к-сі, 55
Әуезов	144	«Қазақ мал шаруашылығы және мал азығы өндірісі ғылыми зерттеу институты» ЖШС ғимараты	Жандосов к-сі, 51
Әуезов	145	«№13 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	11 ш.а., 36
Әуезов	146	«№13 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	11 ш.а., 36
Әуезов	147	«№119 мектеп-лицей» КММ ғимараты	8 ш.а., 45
Әуезов	148	«№116 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	8 ш.а., 46
Әуезов	149	«№116 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	8 ш.а., 46
Әуезов	150	«№119 мектеп-лицей» КММ ғимараты	8 ш.а., 45
Әуезов	151	«№113 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	6 ш.а., 51
Әуезов	152	«№86 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	6 ш.а., 63
Әуезов	153	«№86 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	6 ш.а., 63
Әуезов	154	«№113 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	6 ш.а., 51
Әуезов	155	«№113 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	6 ш.а., 51
Әуезов	156	«№86 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	6 ш.а., 63
Әуезов	157	«№27 гимназия» КММ ғимараты	5 ш.а., 8 Б
Әуезов	158	«№27 гимназия» КММ ғимараты	5 ш.а., 8 Б
Әуезов	159	«№6 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	5 ш.а., 49 А
Әуезов	160	«№104 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	2 ш.а., 59
Әуезов	161	«№104 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	2 ш.а., 59
Әуезов	163	«№6 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	5 ш.а., 49 А
Әуезов	164	«Алматы заң колледжі» бюджеттік емес, коммерциялық емес, кәсіптік білім беру мекемесінің ғимараты	Жұбанов к-сі, 1 А
Әуезов	165	«№130 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Тастақ-1 ш.а., Фуркат к-сі, 26 А
Әуезов	166	«Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» МКҚК ғимараты	Тастақ-1 ш.а., 1 В
Әуезов	167	«Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі» МКҚК ғимараты	Қабдолов к-сі, 12
Әуезов	168	«Алматы жаңа технологиялар колледжі» МКҚК ғимараты	Төле би к-сі, 287 Б
Әуезов	169	«Д.Қонаев атындағы колледжі» ЖШС ғимараты	Төле би к-сі, 303
Әуезов	170	«Алматы құрылыс-техникалық колледжі» МКҚК ғимараты	Саин к-сі, 32
Әуезов	173	«Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымы» КММ ғимараты	1 ш.а., 68 Б
Әуезов	174	«№111 гимназия» КММ ғимараты	1 ш.а., 37 Б
Әуезов	175	«№97 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	1 ш.а., 76 А
Әуезов	176	«Narxoz университеті» КЕАҚ филиалының ғимараты	Саин к-сі, 81 А
Әуезов	177	«№111 гимназия» КММ ғимараты	1 ш.а., 37 Б
Әуезов	178	«№122 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	3 ш.а., 52
Әуезов	179	«№122 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	3 ш.а., 52
Әуезов	180	«№122 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	3 ш.а., 52
Әуезов	181	«№133 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-1 ш.а., 26
Әуезов	182	«№133 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-1 ш.а., 26
Әуезов	183	«№133 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-1 ш.а., 26
Әуезов	184	«№121 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-2 ш.а., 69 А
Әуезов	185	«№121 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-2 ш.а., 69 А
Әуезов	186	«№42 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-2 ш.а., 33
Әуезов	187	«№42 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-2 ш.а., 33
Әуезов	188	«№42 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-2 ш.а., 33
Әуезов	189	«№123 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Ақсай-3А ш.а., 54
Әуезов	190	«№123 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Ақсай-3А ш.а., 54
Әуезов	191	«№123 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Ақсай-3А ш.а., 54
Әуезов	192	«№132 гимназия» КММ ғимараты	Ақсай-4 ш.а., 107
Әуезов	193	«№132 гимназия» КММ ғимараты	Ақсай-4 ш.а., 107
Әуезов	194	«№126 мектеп-лицей» КММ ғимараты	Ақсай-4 ш.а., 66
Әуезов	195	«№126 мектеп-лицей» КММ ғимараты	Ақсай-4 ш.а., 66
Әуезов	196	«Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінің жатақханасы» РМҚК ғимараты	Ақсай-5 ш.а., 15
Әуезов	197	«№117 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Жетісу-2 ш.а., 2
Әуезов	198	«№117 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Жетісу-2 ш.а., 2
Әуезов	199	«Жастар үйі» әлеуметтік мекемелердің түлктерін бейімдеу және қолдау орталығы» КММ ғимараты	Жетісу-2 ш.а., 79
Әуезов	200	«Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті» мекемесінің ғимараты	Жетісу-1 ш.а., 32 А
Әуезов	201	«№155 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Достық ш.а., Сәдуақасов к-сі, 29
Әуезов	202	«№117 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Жетісу-2 ш.а., 2
Әуезов	203	«Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті» мекемесінің ғимараты	Жетісу-1 ш.а., 32 А
Әуезов	204	«№155 жалпы білім беретін мектеп» КММ филиалының ғимараты	Достық ш.а., Дастан к-сі, 27 А
Әуезов	205	«№153 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Достық ш.а., Сәдуақасов к-сі, 27
Әуезов	206	«№155 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Достық ш.а., Сәдуақасов к-сі, 29
Әуезов	207	«№123 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Ақсай-3А ш.а., 54
Әуезов	208	«№202 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Мамыр-1 ш.а., 29/18
Әуезов	209	«№173 мектеп-лицей» КММ ғимараты	Мамыр-1 ш.а., 21
Әуезов	210	«№173 мектеп-лицей» КММ ғимараты	Мамыр-1 ш.а., 21
Әуезов	211	«№202 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Мамыр-1 ш.а., 29/18
Әуезов	213	«№158 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Мамыр ш.а., Степная к-сі, 8
Әуезов	214	«№158 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Мамыр ш.а., Степная к-сі, 8
Әуезов	215	«Ғалым» қазақ ұлттық гимназия» мемлекеттік емес мекемесінің ғимараты	Кәрім к-сі, 58
Әуезов	554	«Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті» мекемесінің ғимараты	Мамыр-1 ш.а., 21/1
Әуезов	565	«№153 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Достық ш.а., Сәдуақасов к-сі, 27
Әуезов	582	«Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі» МКҚК ғимараты	Қабдолов к-сі, 12
Әуезов	583	«№121 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-2 ш.а., 69 А
Әуезов	584	«№175 Жаңа Ғасыр гимназия» КММ ғимараты	Таугүл-3 ш.а., Шәймерденов к-сі, 21
Әуезов	624	«№133 Жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақсай-1 ш.а., 26
Бостандық	225	№68 мектеп-гимназиясының ғимараты	Орбита-2 ш/а., 25
Бостандық	226	№68 мектеп-гимназиясының ғимараты	Орбита-2 ш/а., 25
Бостандық	227	№68 мектеп-гимназиясының ғимараты	Орбита-2 ш/а., 25
Бостандық	228	№60 гимназиясының ғимараты	Орбита-1 ш/а., 41
Бостандық	229	№60 гимназиясының ғимараты	Орбита-1 ш/а., 41
Бостандық	230	№63 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ә.Кекілбайұлы к-сі, 88
Бостандық	231	М.В.Ломоносов атындағы №38 Қазақстан-Ресей гимназиясының ғимараты	Радостовец к-сі, 367
Бостандық	232	Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы колледж мектеп-интернатының ғимараты	Ә.Кекілбайұлы к-сі, 133
Бостандық	233	№60 гимназиясының ғимараты	Орбита-1 ш.а., 41
Бостандық	234	№40 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Орбита-3 ш.а., 55 А

Бостандық	235	Ғ.Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Жайлау ш.а., Әлмерек к-сі, 41
Бостандық	236	№40 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Орбита-3 ш.а., 55 А
Бостандық	237	№45 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Орбита-3 ш.а., 55
Бостандық	238	№45 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Орбита-3 ш.а., 55
Бостандық	239	Халықаралық білім беру корпорациясының ғимараты	Торайғыров к-сі, 29
Бостандық	240	Халықаралық білім беру корпорациясының ғимараты	Торайғыров к-сі, 29
Бостандық	241	№37 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Рысқұлбеков к-сі, 20
Бостандық	242	№94 мектеп-гимназиясының ғимараты	Гагарин д-лы, 135 А
Бостандық	243	№22 мектеп-гимназиясының ғимараты	Сәтбаев к-сі, 69
Бостандық	244	Әділет колледжінің ғимараты	Гагарин д-лы, 135 А
Бостандық	245	№3 оқушылар үйінің ғимараты	Вахтангов к-сі, 2-2 А
Бостандық	246	№65 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Сәтбаев к-сі, 101
Бостандық	247	М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясының ғимараты	Түркебаев к-сі, 233
Бостандық	248	М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясының ғимараты	Түркебаев к-сі, 233
Бостандық	249	Алматы электромеханикалық колледжінің ғимараты	Түркебаев к-сі, 257
Бостандық	250	М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейінің ғимараты	Панфилов к-сі, 205
Бостандық	251	Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернатының ғимараты	Байтұрсынұлы к-сі, 150
Бостандық	252	Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ғимараты	Шашкин к-сі, 14
Бостандық	253	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғимараты	Сәтбаев к-сі, 22 В
Бостандық	254	Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының ғимараты	Абай д-лы, 14
Бостандық	255	№23 мектеп-гимназиясының ғимараты	Сәтбаев к-сі, 3 А
Бостандық	256	«Казгидромет» РМҚ филиалының ғимараты	Абай д-лы, 32
Бостандық	257	Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғимараты	Сәтбаев к-сі, 22
Бостандық	258	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология факультетінің оқу корпусының ғимараты	әл-Фараби д-лы, 71
Бостандық	259	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультетінің оқу корпусының ғимараты	әл-Фараби д-лы, 71
Бостандық	260	№21 гимназиясының ғимараты	Марков к-сі, 28 Б
Бостандық	261	№51 мектеп-гимназиясының ғимараты	Көктем-3 ш.а., 23
Бостандық	262	Орталық стадионның ғимараты	Сәтбаев к-сі, 29/3
Бостандық	263	Республикалық спорт колледжінің ғимараты	Тимирязев к-сі, 41
Бостандық	264	Республикалық физика-математика мектебінің ғимараты	Бұқар жырау гүл., 36
Бостандық	265	О.Жандосов атындағы №105 гимназиясының ғимараты	Абай д-лы, 54
Бостандық	266	О.Жандосов атындағы №105 гимназиясының ғимараты	Абай д-лы, 54
Бостандық	267	Қазақ агроөнеркәсіптік кешендегі экономика және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми зерттеу институтының ғимараты	Сәтбаев к-сі, 30 Б
Бостандық	268	№22 мектеп-гимназиясының ғимараты	Сәтбаев к-сі, 69
Бостандық	269	М.Базарбаев атындағы №138 гимназия ғимараты	Көктем-1 ш.а., 26 А
Бостандық	270	№81 мектеп-гимназия ғимараты	Бұқар жырау гүл., 38
Бостандық	271	№10 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Бұқар жырау гүл., 50 Б
Бостандық	272	Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ғимараты	Манас к-сі, 34/1
Бостандық	273	АҚ Алматы Су ғимараты	Жароков к-сі, 196
Бостандық	274	№65 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Сәтбаев к-сі, 101
Бостандық	275	№93 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Айманов к-сі, 193 А
Бостандық	276	№93 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Айманов к-сі, 193 А
Бостандық	277	№73 мектеп-гимназиясының ғимараты	Бәсенов к-сі, 14
Бостандық	281	№12 орталық қалалық клиникалық ауруханасының ғимараты	Жандосов к-сі, 6
Бостандық	287	Алматы құрылыс және халықтық кәсіпшілік колледжінің ғимараты	Тимирязев к-сі, 50
Бостандық	288	№73 мектеп-гимназияның ғимараты	Бәсенов к-сі, 14
Бостандық	289	№165 мамандандырылған лицейдің ғимараты	Гагарин д-лы, 193
Бостандық	290	№63 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ә.Кекілбайұлы к-сі, 88
Бостандық	291	М.В.Ломоносов атындағы №38 Қазақстан-Ресей гимназиясының ғимараты	Радостовица к-сі, 367
Бостандық	292	№88 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Қазақфильм ш.а., 34
Бостандық	293	№83 бөбекжай-балабақшасының ғимараты	Қазақфильм ш.а., 9
Бостандық	294	№88 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Қазақфильм ш.а., 34
Бостандық	295	«Атакент» АҚ-ның ғимараты	Тимирязев к-сі, 42
Бостандық	296	№69 жалпы білім беретін мектеп ғимараты	Ғабдуллин к-сі, 67
Бостандық	297	№165 мамандандырылған лицей ғимараты	Гагарин д-лы, 193
Бостандық	298	№146 мектеп-лицейінің ғимараты	Гагарин д-лы, 311
Бостандық	299	Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғимараты	Гагарин д-лы, 238 А
Бостандық	300	№125 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Алмагүл ш.а., 42
Бостандық	301	№125 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Алмагүл ш.а., 42
Бостандық	489	№183 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ерменсай ш.а., Жәңгір хан к-сі, 18
Бостандық	490	№189 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Нұр Алатау ш.а., Қ.Тауасарұлы к-сі, 33
Бостандық	491	№17 қалалық емхана дәрігерлік амбулаториясының ғимараты	Нұр Алатау ш.а., Қ.Тауасарұлы к-сі, 83
Бостандық	492	Ш.Құдайбердіұлы атындағы №190 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Нұрлытау ш.а., Нұртазина к-сі, 49
Бостандық	493	№183 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ерменсай ш.а., Жәңгір хан к-сі, 18
Бостандық	494	Ғ.Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Жайлау ш.а., Әлмерек к-сі, 41
Бостандық	555	Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы колледж мектеп-интернатының ғимараты	Ә.Кекілбайұлы к-сі, 133
Бостандық	556	Алматы электромеханикалық колледжінің ғимараты	Түркебаев к-сі, 257
Бостандық	557	№146 мектеп-лицейінің ғимараты	Гагарин д-лы, 311
Бостандық	558	№125 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Алмагүл ш/а., 42
Бостандық	559	№189 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Нұр Алатау ш.а., Қ.Тауасарұлы к-сі, 33
Бостандық	568	әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, механика-математика факультетінің оқу корпусының ғимараты	әл-Фараби д-лы, 71
Бостандық	608	№191 бөбекжай-балабақшасының ғимараты	Егізбаев к-сі, 7/11
Бостандық	609	Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернатының ғимараты	Байтұрсынұлы к-сі, 150
Бостандық	610	Ш.Құдайбердіұлы атындағы №190 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Нұрлытау ш.а., Нұртазина к-сі, 49
Жетісу	313	№66 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Қазақов к-сі, 6
Жетісу	314	№66 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Қазақов к-сі, 6
Жетісу	315	№109 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Гончаров к-сі, 23
Жетісу	316	№109 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Гончаров к-сі, 23
Жетісу	317	№3 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Вольная к-сі, 6 а
Жетісу	319	№108 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ақпаев к-сі, 59 а
Жетісу	320	№108 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ақпаев к-сі, 59 а
Жетісу	321	№94 бөбекжай-балабақшаның ғимараты	Сейфуллин д-лы, 293



Жетісу	331	«Келет» АҚ ғимараты	Бөкейханов к-сі, 233
Жетісу	332	№110 мектеп-гимназияның ғимараты	Айнабұлақ - 3 ш. а., 166 а
Жетісу	333	Туристік-өңірлік бөлімшесінің «Оқушылар сарайы» ғимараты	Айнабұлақ -3 ш. а., 167/1
Жетісу	334	№110 мектеп-гимназияның ғимараты	Айнабұлақ - 3 ш. а., 166 а
Жетісу	335	№129 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Айнабұлақ - 3 ш. а., 165 а
Жетісу	336	Алматы-2 вокзал ғимараты	Абылай хан д-лы, 1
Жетісу	337	№57 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Ботаническая к-сі, 2
Жетісу	338	№143 мектеп-лицейінің ғимараты	Колпаковский к-сі, 26
Жетісу	339	№2 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Мұртаза к-сі, 71
Жетісу	340	№103 мектеп-гимназияның ғимараты	Қыдырбекұлы к-сі, 158
Жетісу	341	№102 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Потанин к-сі, 226
Жетісу	342	№102 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Потанин к-сі, 226
Жетісу	343	№43 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Шилов к-сі, 5
Жетісу	344	Дене шынықтыру-сауықтыру кешені «Кемел» ғимараты	Жайсаң к-сі, 22/1
Жетісу	345	Дене шынықтыру-сауықтыру кешені «Кемел» ғимараты	Жайсаң к-сі, 22/1
Жетісу	346	№101 мектеп-гимназияның ғимараты	Жансүгіров к-сі, 352
Жетісу	347	№101 мектеп-гимназияның ғимараты	Жансүгіров к-сі, 352
Жетісу	349	№109 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Гончаров к-сі, 23
Жетісу	350	Автомеханикалық колледжінің ғимараты	Қазыбаев к-сі, 270
Жетісу	351	№2 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Мұртаза к-сі, 71
Жетісу	352	Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша кірістер басқармасының ғимараты	Абылай хан д-лы, 2
Жетісу	353	№129 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Айнабұлақ -3 ш. а. 165 а
Жетісу	354	№148 мектеп-гимназияның ғимараты	Кулагер ш. а., 52
Жетісу	355	№177 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Көкжиек ш. а., 63
Жетісу	356	№177 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Көкжиек ш. а., 63
Жетісу	496	№193 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Кемел ш. а., Жар-жар к-сі, 54
Жетісу	497	№193 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Кемел ш. а., Жар-жар к-сі, 54
Жетісу	498	№193 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Кемел ш. а., Жар-жар к-сі, 54
Жетісу	536	№148 мектеп-гимназияның ғимараты	Кулагер ш. а., 52 а
Медеу	357	«Сымбат» дизайн және технология академиясы» колледжінің ғимараты	Д.Конаев к-сі, 43
Медеу	358	М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейінің ғимараты	Назарбаев д-лы, 102
Медеу	359	№19 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Абдуллиндер к-сі, 11
Медеу	360	№19 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Абдуллиндер к-сі, 11
Медеу	361	Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының ғимараты	Пушкин к-сі, 63
Медеу	362	Республикалық жоғары медициналық колледжінің ғимараты	Қалдаяқов к-сі, 54
Медеу	363	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғимараты	Қазыбек би к-сі, 30
Медеу	364	«Граждансельпроектстрой» ЖШС ғимараты	Коперник к-сі, 124
Медеу	365	№6 кітапхананың ғимараты	Татарская к-сі, 32
Медеу	366	73 Гвардиялық Қызыл тулы Сталинград-Дунай атқыштар дивизиясы атындағы №64 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Орынбор к-сі, 17
Медеу	367	№53 мектеп-гимназиясының ғимараты	Глубокая к-сі, 18
Медеу	368	№53 мектеп-гимназиясының ғимараты	Глубокая к-сі, 18
Медеу	369	Алматы облысының Білім басқармасы Мемлекеттік мекемесінің И.Нүсіпбаев атындағы мектеп-интернатының ғимараты	Бөгенбай батыр к-сі, 53
Медеу	370	№7 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Алатау ш.а., Жетбаев к-сі, 15
Медеу	371	№35 гимназиясының ғимараты	Достық д-лы, 59
Медеу	372	Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназиясының ғимараты	Қабанбай батыр к-сі, 86
Медеу	373	Қ.Сәтбаев атындағы №56 гимназиясының ғимараты	Назарбаев д-лы, 138
Медеу	374	№33 мектеп-лицейінің ғимараты	Төле би к-сі, 10/62
Медеу	375	№29 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Бөгенбай батыр к-сі, 42
Медеу	376	«Жанұя» мамандандырылған кешенінің ғимараты	Бегалин к-сі, 82
Медеу	377	Оқушылар сарайының ғимараты	Достық д-лы, 124
Медеу	378	Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ғимараты	Абай д-лы, 8
Медеу	379	Әкімшілік ғимарат	Самал-2 ш.а., 33 А
Медеу	380	Қ.Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназиясының ғимараты	Көктөбе ш.а., Сағадат Нұрмағамбетов к-сі, 69
Медеу	381	№115 бөбекжай-балабақшасының ғимараты	Самал-2 ш.а., 22/1
Медеу	382	«Айсер» ЖШС ғимараты	Самал-1 ш.а., 9 А
Медеу	383	Д.Снегин атындағы №30 мектеп-гимназиясының ғимараты	Достық д-лы, 226 А
Медеу	384	№163 мектеп-лицейінің ғимараты	Назарбаев д-лы, 289
Медеу	385	«Премьер Алатау» қонақүйінің ғимараты	Достық д-лы, 105
Медеу	386	Д.Снегин атындағы №30 мектеп-гимназиясының ғимараты	Достық д-лы, 226 А
Медеу	387	№17 мектеп-интернатының ғимараты	Достық д-лы, 266 А
Медеу	388	№48 мектеп-лицейінің ғимараты	Достық д-лы, 310 Б
Медеу	389	№47 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Тау-Самал ш.а., Олимпийская к-сі, 1
Медеу	390	№47 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Тау-Самал ш.а., Олимпийская к-сі, 1
Медеу	398	Ж.Жабаев атындағы №161 лицейінің ғимараты	Назарбаев д-лы, 40
Медеу	399	Ж.Жабаев атындағы №161 лицейінің ғимараты	Назарбаев д-лы, 40
Медеу	400	№52 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Пушкин к-сі, 1
Медеу	401	«Перспектива» колледжінің ғимараты	Нүсіпбеков к-сі, 10
Медеу	402	А.С.Пушкин атындағы №4 гимназиясының ғимараты	Янушкевич к-сі, 58
Медеу	403	Оқушылар үйінің ғимараты	Орынбор к-сі, 17, 1 көрп.
Медеу	404	№99 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	И.Қоңыр к-сі, 53
Медеу	405	№100 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Погодин к-сі, 41
Медеу	406	№99 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	И.Қоңыр к-сі, 53
Медеу	407	№100 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Погодин к-сі, 41
Медеу	408	№98 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Тәтібеков к-сі, 89
Медеу	412	№172 мектеп-гимназиясының ғимараты	Думан ш.а., Қарқаралы к-сі, 15
Медеу	413	№112 бөбекжай-балабақшасының ғимараты	З.Шапкин к-сі, 32 А
Медеу	414	№77 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Таулы Қырат ш.а., М.Жуков к-сі, 140
Медеу	415	№77 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Таулы Қырат ш.а., М.Жуков к-сі, 140
Медеу	416	Қ.Қатықбаев атындағы №168 мектеп-гимназиясының ғимараты	Көктөбе ш.а., Сағадат Нұрмағамбетов к-сі, 69
Медеу	418	№7 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Алатау ш.а., Жетбаев к-сі, 15
Медеу	419	№98 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты	Тәтібеков к-сі, 89
Медеу	420	№172 мектеп-гимназиясының ғимараты	Думан ш.а., Қарқаралы к-сі, 15
Медеу	499	№194 негізгі орта білім беретін мектебінің ғимараты	Ө.Сұлтанғазин к-сі, 7 А
Медеу	537	№17 мектеп-интернатының ғимараты	Достық д-лы, 266А
Медеу	575	№172 мектеп-гимназиясының ғимараты	Думан ш.а., Қарқаралы к-сі, 15
Медеу	591	№172 мектеп-гимназиясының ғимараты	Думан ш.а., Қарқаралы к-сі, 15
Медеу	598	«Халық арена» Мұз сарайының көпсалалы кешенінің ғимараты	Құлжа тракті, 2
Медеу	622	Назарбаев Зияткерлік мектебінің ғимараты	Таулы Қырат ш.а., Н. Қапарова к-сі, 145
Наурызбай	500	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ КМК ғимараты	Қалқаман-2 ш.а., Әшімов к-сі, 20
Наурызбай	501	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ КМК ғимараты	Қалқаман-2 ш.а., Әшімов к-сі, 20
Наурызбай	502	«№157 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Қалқаман-2 ш. а., Қыдырбеков к-сі, 32
Наурызбай	503	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ КМК ғимараты	Қалқаман-2 ш.а., Әшімов к-сі, 20.
Наурызбай	504	«№200 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 345/3
Наурызбай	505	«№157 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Қалқаман-2 ш. а., Қыдырбеков к-сі, 32
Наурызбай	506	«№208 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Достық ш. а., Иттипат к-сі, 42
Наурызбай	507	«№208 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Достық ш. а., Иттипат к-сі, 42

Наурызбай	508	«№176 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Қалқаман-2 ш. а., Сәдуақасұлы к-сі, 47
Наурызбай	509	«№188 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Таусамалы ш. а., Жандосов к-сі, 4
Наурызбай	510	«№26 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ғимараты	Таусамалы ш. а., Гроза к-сі, 102 үй
Наурызбай	511	«Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС ғимараты	«Рахат» ш. а., Күлтөбе к-сі, 1
Наурызбай	512	«Бәйтерек «халықаралық мектеп-лицейі» ЖШС ғимараты	Қарғалы ш. а., Редько к-сі, 7
Наурызбай	513	«№192 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Қарағайлы ш. а., Қ. Надыров к-сі, 50
Наурызбай	514	«№192 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Қарағайлы ш. а., К. Надыров к-сі, 50
Наурызбай	515	«№186 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақжар ш. а., Байсұлтанов к-сі, 15
Наурызбай	516	«№186 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақжар ш. а., Байсұлтанов к-сі, 15
Наурызбай	538	«№174 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 340 Б
Наурызбай	539	«№174 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 340 Б
Наурызбай	540	«№186 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Ақжар ш. а., Байсұлтанов к-сі, 15
Наурызбай	541	«№188 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Таусамалы ш. а., Жандосов к-сі, 4
Наурызбай	542	«№187 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Таусамалы ш. а., Жандосов к-сі, 2
Наурызбай	543	«№187 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Таусамалы ш. а., Жандосов к-сі, 2
Наурызбай	560	«№36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ғимараты	Шұғыла ш. а., 340 А
Наурызбай	561	«№157 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимараты	Қалқаман-2 ш. а., Қыдырбеков к-сі, 32
Наурызбай	562	«№200 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 345/3
Наурызбай	563	«№26 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ғимараты	Таусамалы ш. а., Гроза к-сі, 102
Наурызбай	564	«Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты» ЖШС ғимараты	Рахат ш. а., Күлтөбе к-сі, 1
Наурызбай	577	Алматы математика-лингвистикалық «Самай» мектебі ғимараты	Шұғыла ш. а., Сығай к-сі, 111
Наурызбай	578	«№27 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ғимараты	Ақжар ш. а., Дәулеткерей к-сі, 100 А
Наурызбай	579	«№184 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК ғимараты	Шұғыла ш.а., 340/1
Наурызбай	580	«№207 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Абай ш.а., Алтын-орда к-сі, 6/32
Наурызбай	581	«Ле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ ғимараты	Таусамалы ш. а., Жандосов к-сі, 1
Наурызбай	592	«№200 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 345/3
Наурызбай	625	«№174 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 340 Б
Наурызбай	626	«№36 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ғимараты	Шұғыла ш. а., 340 А
Наурызбай	627	«№200 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Шұғыла ш. а., 345/3
Наурызбай	628	«№206 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Қалқаман-2 ш. а., Талжанов к-сі, 1 Б
Наурызбай	629	«№207 мектеп-гимназия» КММ ғимараты	Абай ш. а., Алтын-орда к-сі, 6/32 ү.
Түркісіб	421	№31 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Гете к-сі, 261
Түркісіб	422	№170 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Магнитный к-сі, 31
Түркісіб	423	№170 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Магнитный к-сі, 31
Түркісіб	424	№89 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Поддубный к-сі, 155
Түркісіб	425	«№44 мектеп-гимназиясының ғимараты КММ	Отарев к-сі, 6
Түркісіб	426	Азаматтық авиация академиясының АҚ ғимараты	Ахметов к-сі, 44
Түркісіб	427	№115 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Алтай-1 ш/а., 28
Түркісіб	428	№78 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Алтай-2 ш/а, 57
Түркісіб	429	№78 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Алтай-2 ш/а, 57
Түркісіб	430	№115 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Алтай-1 ш/а, 28
Түркісіб	431	№11 жалпы білім беретін мектебінің ғимараты КММ	Волгоградский к-сі, 22/137
Түркісіб	432	№32 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Сүйінбай д-ғы, 505
Түркісіб	433	Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің КМҚК ғимараты	Дегдар к-сі, 10/3
Түркісіб	434	Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің КМҚК ғимараты	Дегдар к-сі, 10/3
Түркісіб	435	№32 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Сүйінбай д-ғы, 505
Түркісіб	436	№142 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Жұлдыз-1 ш/а, 20
Түркісіб	437	№142 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Жұлдыз-1 ш/а, 20
Түркісіб	442	№84 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Нұрсая к-сі, 56
Түркісіб	443	№11 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Волгоградский к-сі, 22/137
Түркісіб	444	№84 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Нұрсая к-сі., 56
Түркісіб	445	№85 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Урицкий к-сі, 2 А
Түркісіб	446	№7 Оқушылар үйінің КМҚК ғимараты	Нұрсая к-сі, 4 А
Түркісіб	447	ШЖҚ №24 қалалық емхананың КМК ғимараты	Земнухов к-сі, 3/1
Түркісіб	448	№50 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Боралдай к-сі, 44
Түркісіб	449	№76 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Чехова к-сі, 15
Түркісіб	450	Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің КҚММ ғимараты	Заветный к-сі, 41
Түркісіб	451	№15 Алматы облыстық мектеп интернатының КММ ғимараты	Чернышевский к-сі, 43
Түркісіб	452	№59 мектеп-гимназиясының КММ ғимараты	Сауранбаев к-сі , 12 А
Түркісіб	453	№83 мектеп-гимназиясының КММ ғимараты	Шолохов к-сі, 28
Түркісіб	454	Әскерилендірілген теміржол күзетінің ғимараты АҚ ғимараты	Станционный к-сі , 21
Түркісіб	455	№61 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Толстой к-сі, 20
Түркісіб	456	№6 оқушылар үйінің МКҚМ ғимараты	Сейфуллин д-ғы, 13
Түркісіб	457	№49 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Кассин к-сі, 51
Түркісіб	458	№49 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Кассин к-сі, 51
Түркісіб	459	Аяжан колледжінің білім мекемесінің ғимараты	Таласский к-сі , 1
Түркісіб	460	№162 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Сүйінбай д-ғы, 207
Түркісіб	461	№20 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Герцен к-сі, 154
Түркісіб	462	№1 Алматы Қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінің МКҚК ғимараты	Шемякин к-сі, 131
Түркісіб	463	№17 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Гете к-сі, 177
Түркісіб	464	ШЖҚ №19 қалалық емхананың МКҚ ғимараты	Папанин к-сі., 220
Түркісіб	465	№74 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Акан Сері к-сі, 150
Түркісіб	466	№74 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Акан Сері к-сі, 150
Түркісіб	467	Түркісіб аудандық АХАТ бөлімінің КММ ғимараты	Сейфуллин д-ғы, 59
Түркісіб	468	№71 Лицейдің КММ ғимараты	Стахановский к-сі, 23
Түркісіб	469	№61 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Толстой к-сі, 20
Түркісіб	472	№107 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Александров к-сі, 11
Түркісіб	473	№106 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Фучик к-сі, 44
Түркісіб	474	№106 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Фучик к-сі, 44
Түркісіб	477	№20 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Герцен к-сі, 154
Түркісіб	478	№142 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Жұлдыз-1 ш/а, 20
Түркісіб	480	№32 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Сүйінбай д-ғы, 505
Түркісіб	521	№195 жалпы білім беретін мектебінің КММ ғимараты	Шортанбай жырау

**2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің сондай-ақ, Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын
кезектен тыс сайлау бойынша Алматы қаласы аудандық аумақтық сайлау
комиссияларының шешімдерімен дауыс берудің басталу және аяқталу
уақыты өзгертілген сайлау учаскелерінің тізімі**

Аудан	Сайлау учаскесінің нөмірі	Орналасқан жері	Дауыс деруді бастау уақыты	Дауыс беруді аяқтау уақыты
Алатау	10	№7552 әскери бөлім ғимараты Рысқұлов д-лы, 228	06:00	кез келген уақытта
Алмалы	76	«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамының ғимараты Абай д-лы, 91	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	78	ҚР ДСМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК ғимараты Амангелді к-сі, 88	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	92	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің тереу изоляторының ғимараты Қарасай батыр к-сі, 70	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	94	«№1 қалалық перзентхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты Сейфуллин д-лы, 492	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	96	«Қалалық шұғыл көмек көрсету ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты Қазыбек би к-сі, 96	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	97	«Қалалық кардиологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты Төле би к-сі, 93 Б	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	98	«Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты Төле би к-сі, 95 А	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	99	«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты Әйтеке би к-сі, 120	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	100	«Қалалық ревматологиялық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты, Әйтеке би к-сі, 116	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	107	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің ғимараты Масаншы к-сі, 16	06:00	кез келген уақытта
Алмалы	112	«Орталық клиникалық аурухана» акционерлік қоғамның ғимараты, Панфилов к-сі, 139	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	116	«Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты Төреқұлов к-сі, 73	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	119	«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамның ғимараты, Желтоқсан к-сі, 62	07:00	кез келген уақытта
Алмалы	630	Алматы қаласы Полиция департаментінің уақытша ұстау изолятордың ғимараты Масаншы к-сі, 57 А	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	135	«Демалыс-К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Altyn Kargaly» конак үй-шіпажайының ғимараты Жандосов к-сі, 204	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	136	«Қарғалы» пансионаты АҚ ғимараты Саин к-сі, 184 Г	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	143	«Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты» РММ ғимараты Жандосов к-сі, 53	6.00	кез келген уақытта
Әуезов	162	«№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы» ШЖҚ КМК ғимараты 2 ш.а., 54	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	171	«Қалалық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК ғимараты Жұбанов к-сі, 11	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	172	«№5 қалалық перзентхана» ШЖҚ КМК ғимараты Қабдолов к-сі, 28	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	212	«Шанырақ» әлеуметтік қызметтер орталығы» КММ ғимараты Мамыр-7 ш.а., 8 А	07:00	кез келген уақытта
Әуезов	586	«ХАК» медициналық орталығы» ЖШС ғимараты Өтеген батыр к-сі, 11 А	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	279	Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының ғимараты Байзақов к-сі, 299 А	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	281	№12 орталық қалалық клиникалық ауруханасының ғимараты Жандосов к-сі, 6	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	282	Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталінің ғимараты Ә.Кекілбайұлы к-сі, 129 А	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	283	Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімінің ғимараты Попов к-сі, 1 А	06:00	кез келген уақытта
Бостандық	284	Б.У.Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығының ғимараты Бөсенов к-сі, 2	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	285	Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығының ғимараты Манас к-сі, 40	07:00	кез келген уақытта

Бостандық	286	И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының ғимараты Байзақов к-сі, 295	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	302	Психикалық сауықтыру орталығының ғимараты Ә.Кекілбайұлы к-сі, 117 А	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	303	Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының ғимараты Өтепов к-сі, 29	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	304	Психикалық сауықтыру орталығының ғимараты Радостовец к-сі, 279	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	305	«Демеу» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ғимараты Ә.Кекілбайұлы к-сі, 121	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	307	Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының ғимараты әл-Фараби д-лы, 146	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	309	«Оқ-Жетпес» «Алматы» емдеу-сауықтыру кешенінің ғимараты Жайлау ш.а., Әлмерек к-сі, 1/1	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	310	Private Clinic Almaty ғимараты Мирас ш.а., 45	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	311	Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының ғимараты Бәсенов к-сі, 2	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	312	Тері-венерологиялық диспансерінің ғимараты Манас к-сі, 65	07:00	кез келген уақытта
Жетісу	348	«ҚР ҰҚК ШҚ техника және қару-жарақты жөндеу Басқармасы» РММ	07:00	кез келген уақытта
Медеу	391	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясының ғимараты Достық д-лы, 103	07:00	кез келген уақытта
Медеу	393	Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Алматы қаласында емханасы бар өңірлік әскери госпиталінің ғимараты Достық д-лы, 103/41	07:00	кез келген уақытта
Медеу	394	Қазақстан Республикасының фтизиопульмонология Ұлттық ғылыми орталығының ғимараты Бекхожин к-сі, 5	07:00	кез келген уақытта
Медеу	395	№5 қалалық клиникалық ауруханасының ғимараты Достық д-лы, 220	07:00	кез келген уақытта
Медеу	396	Психикалық сауықтыру орталығының (наркологиалық қызмет) ғимараты Мақатаев к-сі, 10	07:00	кез келген уақытта
Медеу	397	Акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығының ғимараты Достық д-лы, 125	07:00	кез келген уақытта
Медеу	409	Алматы аймақтық көпсалалы клиникасының ғимараты Демченко к-сі, 83 Б	07:00	кез келген уақытта
Медеу	410	№2 қалалық перзентханың ғимараты Жангелдин к-сі, 28	07:00	кез келген уақытта
Медеу	417	«Каменское Плато» фтизиопульмонология оңалту орталығының ғимараты Тау-Самал ш.а., Кербұлақ к-сі, 6 Г	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	441	Құрлық әскерлерінің Әскери институтының ММ ғимараты Красногорский к-сі, 4	06:00	кез келген уақытта
Түркісіб	476	ҚР ҰҚК ШҚ Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының ММ ғимараты Спасский к-сі, 67	06:00	кез келген уақытта
Түркісіб	481	Әскери госпитальдің РММ ғимараты Красногорский к-сі, 2	06:00	кез келген уақытта
Бостандық	495	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясының ғимараты Нұр Алатау ш.а., Рахмадиев к-сі, 1 Б	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	566	«Достар Мед» ЖШС ғимараты Сеченов к-сі, 28/5	07:00	кез келген уақытта
Бостандық	567	«Керуен-Medicus» ЖШС ғимараты Бұқар жырау гүл., 45/1	07:00	кез келген уақытта
Медеу	576	Қазақ дерматология және жұқпалы аурулар ғылыми орталығының ғимараты Райымбек д-лы, 60	07:00	кез келген уақытта
Медеу	597	Алматы аймақтық көпсалалы клиникасының ғимараты Көк төбе ш.а., Р.Бағланова к-сі, 69 А	07:00	кез келген уақытта
Медеу	623	«Mediterra» медициналық орталығының ғимараты Таулы Қырат ш.а., Н.Қаппарова к-сі, 254/1	07:00	кез келген уақытта
Медеу	631	Қазақстан шипа жайының ғимараты Достық д-лы, 308	07:00	кез келген уақытта
Медеу	632	«Ақ-қайың» медициналық-сауықтандыру комплексінің ғимараты Әжібай батыр к-сі, 12	07:00	кез келген уақытта
Медеу	633	«Көктем» шипа жайының ғимараты Асқартау ш.а., Көктем к-сі, 1	07:00	кез келген уақытта
Наурызбайский	517	«№1 қалалық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ КМК ғимараты Қалқаман-2 ш.а., Әшімов к-сі, 2	07:00	кез келген уақытта
Наурызбайский	518	«№7 қалалық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ КМК ғимараты Қалқаман-2 ш.а., Әшімов к-сі, 20	07:00	кез келген уақытта
Наурызбайский	520	«Ақсай» республикалық клиникалық балалар ауруханасы» РМҚК ғимараты Тастыбұлақ ш. а., Қарлығаш к-сі, 14/1	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	438	ДСБ ШЖҚ Фтизиопульмонологиялық орталығының МК ғимараты Дегдар к-сі, 45	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	470	ШЖҚ №4 Қалалық клиникалық аурухананың МКК ғимараты Папанин к-сі, 220	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	471	Алматы теміржол ауруханасының АҚ ғимараты Ақан Сері к-сі, 36	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	475	ШЖҚ №4 перзентхананың МКК ғимараты Станкевич к-сі, 6	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	479	ЛА 155/18 мекемесінің ММ ғимараты Красногорский к-сі, 73	07:00	кез келген уақытта
Түркісіб	594	ШЖҚ И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының КМК филиалының ғимараты Дегдар к-сі, 10/2	07:00	кез келген уақытта



● ӨТТИҢ, ДҮНИЕ!

БАТЫР АНА БЕЙНЕСІ

жадымызда мәңгі сақталады



Ұлы Отан соғысы біртіндеп тарих қойнауына кетіп, сын сағатта Отанды қорғау үшін алдыңғы шепке шыққан ардагерлеріміз азайып барады. Ұлы Отан соғысының ардагері, Алматының құрметті тұрғыны Назима Әбдіғалымқызы Құсайынова өмірден өтті. Ол 8 наурыз күні 99 жасқа толар еді...

Қаһарман апамыздың бір ғасырға таяған өмірі еліміздің қаншама тарихи кезеңдерін бейнелейді. Талай тар жол, тайғақ кешулерден өткен апамыздың өмірі жастарға адал еңбек жолын көрсетеді.

Назима Әбдіғалымқызы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Ново-Алексеевка ауылында дүниеге келген. 1941 жылдың маусым айында 10-сыныпты бітірген 17 жастағы қазақ қызы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Кешегі мектеп түлегі алдымен облыстық әскери комиссариатқа түсіп, одан кейін эшелонмен Қиыр Шығысқа жіберіледі. Онда үш ай бойы оқу лагерінде дайындықтан өтті. Кейіннен бұл парашютші қыз қан майданда кеңес жауынгерлеріне талай рет көмекке келді.

– Назима апа 633-ші авиациялық батальонға оқуға жіберіледі. Онда жас қыздарды жаудың артқы шебіне жіберу үшін парашютпен секіруге үйреткен. Содан кейін ол 226-шы авиациялық әскери бөлімге жіберіліп, онда одан әрі қызметін жалғастырады, – дейді ардагердің туыстары.

1945 жылдың мамыр айында қаһарман қызға және басқа да көптеген жауынгерлерге соғыс әлі аяқталмаған еді. Олар тағы бірнеше ай бойы Кеңес Одағының Қиыр Шығысында Жапонияны жеңгенге дейін шайқасты.

Назима Әбдіғалымқызының айтуынша, біздің еліміз фашистік Германияны да, Жапонияны да кеңестік сарбаздар мен офицерлердің шыдамдылығы, батылдығы мен табандылығының арқасында жеңді. Ол өзін үлкен әскери механизмнің кішкентай бөлігі ретінде санады. Бірақ тарих ол секілді адамдар болмағанда, үлкен жеңістің де болмайтынын көрсетті.

«Соғыстың аяқталғанына қуануға көп уақыт болмады. Бізді бірден Маньчжурияға, жапондықтар жаулап алған Қытай провинциясына көшірді. Мен Отаныма 1945 жылдың қазан

айында ғана оралдым», – деп көз тірі кезінде еске алатын Назима апа.

Батыр қыз шайқаста көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және 20-дан астам медальмен марапатталды. Оның ішінде «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» және «Жапонияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысының ардагері» марапаттары бар.

Майданнан үйіне аман-есен оралған Назима апа ұзақ уақыт туған жері Қобдада өмір сүрді. Онда балалар үйінде тәрбиеші, кейін сатушы болып жұмыс істеді. Алайда, тұрмысқа шыққан соң, Алматы облысына көшеді. Жұбайы Досымхан Құсайыновпен бірге алдымен Шамалған станциясында тұрып, кейін Алматыға келеді.

Н.Әбдіғалымқызы екі ұл тәрбиелеген. Ұлдардың үлкені кенеттен қайтыс болды, ал кішісі Серік Құсайынов – Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі атанып, ұзақ уақыт мемлекеттік қызметте жұмыс істеді, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды.

Зейнеткерлікке шыққанға дейін Назима апа Қаскелең ауданының «Дружба» кеңшарында бухгалтер болып жұмыс істеген. Соғыс ардагері қартайғанына қарамастан, туған жеріне жиі келетін. Аудан орталығынан бірнеше шақырым жерде орналасқан Қобда жолындағы соңғы айналымына оның есімі берілген. Қазір бұл жер Назима аялдамасы деп аталады.

Назима Әбдіғалымқызы әр күн үшін тағдырына ризашылығын білдіріп, өмір бойы адал жұмыс істеді, достары мен туыстарына қамқоршы болды.

Ұлы Отан соғысының ардагерін білетін әр адамның жүрегінде қайғы орнағаны хақ. Батыр апамыз Назым Құсайынованың бейнесі отандастарымыздың жадында мәңгі әділ, мейірімді, дана адам болып қалады.

● ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Жер сілкінісі кенеттен пайда болады және қас-қағым сәтте өтеді. Жер сілкінісі – бұл жер қыртысында немесе мантияның үстіңгі бөлігінде кенеттен болған қозғалыспен жарылыс нәтижесінде пайда болған және елеулі ауытқу түрінде үлкен қашықтыққа таралатын жер асты дүмпуі мен жер асты қозғалысы. Жер қыртысының траекториялық қозғалысын тудыратын жер сілкінісі өте жойқын болып келеді. Жер сілкінісінің барысында үйлер, жолдар, көпірлер, каналдар тоғандар мен басқа да ғимараттар, су құбырлары, канализация, электр беру жүйесіне зиян келіп, байланыс бұзылады. Тау жыныстарынан тау құлайды, адамдарды үрей билейді.

Жер сілкінісі кезіндегі міндеттер

Жер сілкінген сәтте сіздің ой-әрекетіңіз бен іс-қимылыңызға 5–10 секунд қана уақытыңыз бар. Осы сәтте үрейге еркіндік беріп, абдырап-сасып қателессеңіз, арты бақытсыздыққа әкелуі ықтимал. Өзіңізді де, өзгелерді де үрейлендірмеңіз.

Үйдің ішінде:

Сілкініс кезінде далаға жүгіріп шығуда немесе жер сілкінісінің, яғни үйдің ішінде кетуді пәтердің қай қабатта орналасуына байланысты шешуге тиіссіз. Егер сіз көпқабатты үйдің бірінші немесе екінші қабатында тұратын болсаңыз, далаға шығуға мүмкіндігіңіз бар. Далаға қашып шыққаннан кейін үйден аулақ тұрған жөн. Үшінші және одан жоғары қабаттардан қашып шығу қауіпті екенін естен шығармаңыз.

Сілкініс кезінде қауіпті және қауіпсіз жерлерді анық білген жөн.

Сілкініс басталысымен үй ішіндегі қауіпсіз деген орындарға тез жетуге тырысыңыз. Ішкі қабырғаның қауіпсіз тұсында үйдің ішкі бұрышында, есік жақтауларының ортасында, тіреуіш ашалардың жанына тұрасыз (шкаф іші кереует). Терезелер мен ауыр жиһаздардан алыс тұрыңыз.

Келешекте болуы ықтимал күшті сілкіністердің құпияларымен жеке таныс болған жөн. Жерасты дүмпуінің болу себептерін, анық қай жерде болып, қалай таралатындығын әртүрлі мәліметтерден білу қажет. Екіншіден, тұрған халықтың апаттан сақтану дайындығы дәрежесі жоғары болуы тиіс. Тек осы шарттар орындалған жағдайда ғана зілзала апаттар адам өмірі мен халық байлығына айтарлықтай шығын келтірмейді.

**ҚР ТЖМ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ТЖД ӘУЕЗОВ АУДАНЫНЫҢ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БАСҚАРМАСЫ.**

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері

Назима ХУСАИНОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 11 наурыз, сенбі күні шығады.

● ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 30 наурыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 312 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 27 наурыз, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әлісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 30 наурыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 796 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 27 наурыз, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әлісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

● ІЛТИПАТ

Алғыс алған көктейді



**Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде белгілі әнші, Жанар Айжанованың «Алғыс айту» күніне арналған шығармашылық кеші өтті. Іс-шараға қаланың қазыналы қарттары, әжелер ансамблі, жастар қатысты. Тыңдармандар қазақ халқының ұлттық әндерін құмарлана тыңдады.

«Көктемнің шуақты күндеріне аяқ бастық. Осы бір жарқын күні құрбыларымызға, балаларымызға, жақындарымызға алғыс білдіруді жөн санадық. Атаулы күнді әуезді кешпен аяқтадық. Көңілімізді сергітер іс-шараны ұйымдастырып отырған әкімдік-

ке алғысымызды білдіреміз. Балаларымыз бақытты өмір сүрсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын», – дейді зейнеткер Орынша Берденова.

Жарқын мереке әсем ән мен мың бұралған биімен жалғасын тапты. Дәстүрлі әнші тыңдармандарға жүрекжарды тілегін де арнады.

«Бұрын бұл күнді атап өтпейтін едік. Менің ойымша алғысты өмір бойы айтуымыз қажет. Жүректі жылытар жылы сөз, бір-біріне жақсылық жасау, ризашылық сезім, ақ тілекпен алғыс білдіру – адамзат баласының ең негізгі қасиеттері екені белгілі. Бізге еңбегі сіңген анамызға, тәрбиелеп өсірген әкемізге, ағайын-туыс, дос-жаран, жақынымызға алғысымызды білдіруіміз қажет. Себебі, «Алғыс алған көктейді, баталы ер азбайды» дейді. Осы айтулы күні тыңдармандарымызға 5-6 әнімізді айтып, елдігімізді ұмытпауды жөн санадық», – дейді әнші Жанар Айжанова.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

ДЕМАЛЫСЫҢЫЗ СӘТТІ ӨТСІН!

Мереке қарсаңында қаламызда ұйымдастырылатын қызықты да көңілді іс-шаралардан шет қалмаңыз



АНАЛАРҒА ТАРТУ

Республика сарайында Тоқтар мен Бейбіттің мерекелік жаңа ән кеші өтеді. Өмірде де, өнерде де жұбы жазылмаған қос әншінің әдемі кеші көңіліңізден шығары сөзсіз. Кеште халыққа танылған «Әдемі», «Біз бақытты жандармыз», «Бақыт таңы», «Ертістің жағасында», «Уақыт», «Бақытым менің» атты әндері орындалады. Жұлдызды жұп шығармашылығына қосылған жаңа әндерін де тыңдармандарға ұсынбақ. Сондай-ақ, бұл кеште Тоқтар мен Бейбіттің жас шәкірттері де өнерлерін ортаға салмақ.

Өтетін орны: Республика сарайы.

Күні мен уақыты: 8 наурыз, сағат 16.00, 19.30.



«ҚЫЗЫЛ ОРАМАЛДЫ ШЫНАРЫМ»

Ғабит Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры мереке күні Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» қойылымын ұсынады. Шығармада өткен ғасырдың 60-жылдарында Тянь-Шань тауларының бөктерінде, Қырғыз жеріндегі Долан асуында өткен оқиға сипатталады. Жол бойында кездейсоқ танысқан ауыл қызы Әсел мен көлік жүргізушісі Ілияс пәк сезімдер арбауына түсіп, шынайы махаббаттың кейіпкерлері атана-

ды. Әсел ата-анасының рұқсатын алмай, атастырылған жігітіне қарамай, Ілиястың етегінен ұстайды.

Алайда, қас-қағым сәтте олар бастарына қонған бақтан айырылып, әрқайсысы өз жөнімен кете барады. Әсел өзінен үлкен азаматқа қосылып, ортада қалған Самат бүлдіршін өзге жанды әке деп кетеді. Өзегінде өкініш өрті лауласа да, өткенді қайтара алмайтынын түсінген Ілияс жаңа өмір сүруге қадам басады.

«Қызыл орамалды шынарым» қойылымы бұйырған баққа ризалық білдіруде жеңіл ләззаттың арбауына түспеуге үндейді.

Өтетін орны: Республика сарайы.

Күні мен уақыты: 8 наурыз, сағат 14.00, 18.30.

ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ КӨКТЕМ



Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Көктем өрнегі» көрмесі ұсынылады. Көрмеге Қазақстанның кескіндеме және сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің туындылары қойылған. Айша Ғалымбаеваның «Дастархан», «Аяққап» натюрморттары, сондай-ақ «Қуанышты күн» атты тақырыптық туындысы қойылған. Гүлфайрус Исмаилованың «Халық шебері», «Қымыз. Натюрморт», «Бас киімдері» ұсынылған.

Табиғаттың тынысы мен сұлулығын сезінетін суретшілердің аға буынының өкілі Әли Жүсіповтың «Күйші» туындысы қойылған. Зейнеп Түсіпованың әйелдердің мереке алдындағы машақатын керемет суреттейтін «Отбасы ошағы» сериясының «Бауырсақтарды қуыру», «Ауыл әйелдері» атты жанрлық туындыларын көруге болады. Ұлттық тақырыптың жалғасы ретінде Бақыт Бапишевтің «Құнарлылық символы» шығармасы да көрмеде көрініс табады.

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.

Күні мен уақыты: Көрме 29 наурызға дейін жалғасады.

ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

Демалысыңызды балалармен өткізіңіз. Алматының бас ботаникалық бағында «Жасыл үй» эко-квесті ұйымдастырылады. Онда балақайлар өсімдіктер туралы білім көкжиегін кеңейтеді. Квест «Орман институты» және «Бақша қала» екі станциясы арқылы өтеді. Ойын және жарыс түрінде балалар маңайда ең көп таралған ағаштар мен бұталардың қандай болатынын, олар нені жақсы көретінін түсінеді. Эволюцияның ұзақ жылдарында қандай жағдайларға бейімделетінін байқайды. Сондай-ақ, квест барысында балалар өсімдіктерді қалай дұрыс отырғызу керек екенін үйренеді.



Өтетін орны: Бас ботаникалық бақ, Тимирязев көшесі, 36-үй.

Күні мен уақыты: 8-9 наурыз, сағат 15.00.

ӘНМЕН ТЕРБЕЙТІН ӘУЕЗДІ КЕШ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы «Вальс кеші» атты мерекелік концертін ұсынады. Н.Тілендиев атындағы мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі өнерлерін ортаға салады.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дінзұхра Тілендиева. Кеште «Алматы кешінде», «Жан жарым», «Ауылым», «Жан сәулем», «Қайдасың», «Қарлығаштар» шығармалары орындалады.

Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы.

Күні мен уақыты: 7 наурыз, сағат 19.00.

Әзірлеген Ақтолықн ТҰРЛЫҒАЗЫ.



«БАҚЫТТЫ» КӨРІҢІЗ

Мереке күндері «Бақыт» көркем фильмі көрермен назарына ұсынылады. Продюсер Баян Мақсатқызы мен режиссер Асқар Ұзабаевтың картинасы қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбын арқау еткен. Фильм 72-ші Берлин Халықаралық кинофестивалінің «Панорама» бөлімі бойынша бас жүлдені жеңіп алған. «Бақыт» бір отбасындағы жылдар бойы жалғасып келе жатқан зорлық-зомбылықтың ауыртпалығын баяндайды. Тұрмыста қысым көрген құрбандар соңында өздері жазалаушыға айналады. Фильмде басты рөлдерде Лаура Мырзахметова, Ерболат Әлқожа, Алмагүл Қазыхан, Шынар Жанысбекова ойнайды.



ГҮЛ САУДАСЫ ҚЫЗАДЫ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен келісілген абаттандыру және санитарлық нормаларды сақтау ережелеріне сәйкес, 6 наурыздан 8 наурызға дейін гүл сату бойынша Алмалы ауданының мекенжайлар тізімі бекітілді.

2023 жылғы 6–8 наурыз аралығында гүл сату үшін уақытша орналастыру орындары:

№	Мекенжайы
1	Қарасай батыр көшесі мен Байтұрсынов көшесінің қиылысы («Никольский» базарының жанында)
2	Төле би көшесі мен Түркебаев көшесінің қиылысы («Тастак» базарының жанында)
3	Төле би көшесі мен Брусиловский көшесінің қиылысы («Тастак» базарының жанында)
4	Төле би көшесі мен Шокин көшесінің қиылысы («Кәрім» базарының жанында)
5	Гоголь көшесі мен Мұратбаев көшесінің қиылысы («Береке» базарының жанында)
6	Төле би көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысында
7	Сейфуллин даңғылы мен Мақатаев көшесінің қиылысы
8	Шевченко көшесі мен Әуезов көшесінің қиылысы
9	Төле би көшесі мен Әуезов көшесінің қиылысы
10	Розыбакиев көшесі мен Дүйсенов көшесінің қиылысы
11	Абылай хан даңғылы мен Молдағұлова көшесінің қиылысы
12	Төле би көшесі мен Розыбакиев көшесінің қиылысы
13	Қабанбай батыр көшесі мен Әуезов көшесінің қиылысы
14	Абай даңғылы мен Әуезов көшесінің қиылысы
15	Абай даңғылы мен Жароков көшесінің қиылысы



лап, ықыласын білдіреді. Ашық деректерге сәйкес, Америкадағы ең танымал гүл шоктары – 10 немесе 12 раушан, Германияда – 8 раушан. Ал Ангияда 6 данадан құралған гүл шоғы танымал.

Би мен күнделікті карнавалдардың елі Бразилияда гүл саны маңызды емес. Мұнда гүл шоктарының үлкен-кішілігіне, аз-көптігіне қарамайды. Бастысы, шын жүректен берілсе болғаны.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ГҮЛ САНЫНЫҢ СЫРЫ

Құлпырған көктеммен қатар табиғатынан көркем, бірақ сол көркем қалпында қайсарлық пен мейірімді қатар алып жүретін әйел адамдардың мерекесі келеді. Бұл күні бала жүрек асыл анасына, ғашық жігіт сүйікті қызына гүл беріп, шын ықыластарымен бөліседі. Аталмыш дәстүр сан ғасырлар бойы жер бетінде жалғасып келеді десек, қателеспеспіз. Дегенмен, әлемнің әр бұрышында гүл беру бірдей қуанышты білдірсе де, бірақ оның саны мен түсі әртүрлі қабылданады екен.

ТМД елдерінде, оның ішінде біздің отанымыз – Қазақстанда гүлдердің тақ санын беру дәстүрі қалыптасқан. Болжамдардың бірі бойынша оның тарихы сандардың сиқырына сенген пұтқа табынушы тайпаларға байланысты. Ертедегі тайпалар әр санның өзіндік мағынасы мен қасиетті күші бар деп сенген. Оның ішінде жұп сандар адам өмірінің аяқталуын білдіреді деп сенсе, тақ сан керісінше өмір символы, даму мен қозғалыстың белгісі деп санаған. Кейінірек бүгінгі Ресей аймағында құрылған ұлыстардың адамдары жерлеу күні екі гүл әкелетін болған. Біреуі – өмірден өткен адамды еске алу үшін, ал екіншісі арғы өмірде қорғаныш бо-

латын жанға арналған. Айтылған дәстүр уақыт өте қайғыда жұп санды, қуанышта тақ санды гүл беру салтына айналады және Ресейден бөлек барлық ТМД елдеріне тарайды. Күншығыс елі Жапонияда керісінше, гүлдердің жұп санын беру құп саналады. Тек өлімді білдіретін иероглифке ұқсас 4 гүл сыйламасыңыз болғаны. Жапондықтар үшін жұп санды гүл адам жалғыз болмауы керек және ол бар нәрсені біреумен бөлісуі керек мағынаны береді. Сондай-ақ, күншығыс еліндегі ең жақсы сыйлық – 8 раушан екен, өйткені 8 – шексіздікті білдіреді.

АҚШ пен Еуропа елдерінің көпшілігінде адамдар бірі-біріне гүлдердің жұп санын сый-